Корей тілінде *잘 될 놈은 떡잎부터 알아본다* [jal duel nomil tok ipbuto araponda] фразеологиялық тіркес бар, оның сөзбе-сөз аудармасы «Болар баланы жер жарып шыққан күріш жапырағынан біледі». Дәл осы фразеологиялық мағынада қазақ тіліндегі «болар бала бесігінде бұлқынады» деген фразеологизм бар. Бұл екі тілдегі фразеологизмдер «болар баланы, яғни болашағы бар баланы кішкентай сәби кезінен тануға болады» деген мағынада қолданылады. Білгілі бір идеяны жеткізуде әр халық өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйенеді, ұлттық-мәдени танымынан, өзінің санасындағы әлемнің концептуалдық бейнесінен хабар береді. Халықтың арсеналындағы әлемнің тілдік бейнесі – қоршаған орта туралы ақпарат беретін әртүрлі тілдік құралдар мен әлеуметтік мағынасы бар тілдік белгілер жиынтығы (Хазимова, 2002:115). Ал осы әлемдік тілдік бейнесін құрайтын фразеологизмдер сол халықтың рухани және материалдық өмірінен сыр шертеді. Келтірген мысалда корей халқының отырықшы халық болып, егін егумен айналысқан тұрмыс тіршілігін байқауға болады. Ал олардың тіршілігінде күріш өсіру өте үлкен маңызға ие екені мәлім. Ал қазақ халқының көшпелі өмір салтында баланы бесікке бөлеу де – маңызды, тіпті бесікке бөлеуге қатысты салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар сценарийлері бар, олардың бәрі тілде де көрініс тапқан.

Әрбір халықтың мәдениеті – бұл көне заманнан бері келе жатқан ұлыстар мен тайпалардың материалдық және рухани мәдениетінің жалғасы, олардың дамыған түрі. Тіл – сол мәдениеттің ерекшелігін жоғалып кетуден сақтайтын кеніш, сол мәдениет туралы мағлұматтар жиынтығы. Корей тілінде *궁작이 맞다* [Kungchagi matta] тұрақты сөз тіркесінің сөзбе-сөз аудармасы: «Кунгчак дауысы сәйкес келу», ал мағынасы «бір-біріне үйлесу, жарасу». Мұндағы *궁작* [Kungchag] сөзі – корей ұлттық аспаптарының бірінің атауы, ол *북* [puk] пен *장구* [jangu] деген екі аспапты біріктіру арқылы дүниеге келген аспап, екеуінің бір-бірімен үйлескен дауысын *궁작* [Kungchak] береді екен (Ba Ian San, 2002: 156). Демек, бұл аспаптың атауы еліктеуіш сөздерден жасалған. Осы фразеологизмге орай, «Қазақстан» телеарнасында аударылып, дыбысталған «Менің ұлдарым» телехикаясынан келесі мысалды келтіруге болады: *옥희 아--그랬구나. 그나저나 니 남편하고 우리 아버님하고 요새 왜 그렇게 사이가 좋니? 처음에는 그렇게 싸우고 으르렁 거리더니 요새 아주 궁작이 맞아가지고...* [Okhi: a giretkuna. Ginagona ni manpyonhago abonimhago yose ye girokke saiga joni? Choimenin gorokke ssaugo oriron koridoni yosen aju kunjagi majakajogo]; сөзбе-сөз аудармасы: *Ок Хый: Солай екен ғой. Соңғы кездері сенің күйеуің мен менің атам жап-жақсы тіл табысып жүр. Әуелгі кезде күнде ұрысушы еді, ал қазір Кунгчак дауысы сәйкес келеді. Қазақ тілінде дәл осы мағынаны беру үшін домбыраның қос ішегіндей деген фразеологизмді пайдаланар едік.*

Исламға дейінгі қазақ халқының рухани мәдениетінде тәңірлік сенім мен шаманизм айрықша орын алады. Тәңірді зерттеушілердің тұжырымында еуроазиялық көшпелі шаруашылық – мәдени типтің қажеттіліктеріне икемді сенім жүйесі ретінде бейнеленеді, яғни ол көшпелілердің қоршаған шындықты, болмысты түйсінуінен туындаған. Корей халқының наным-сенімінен де шаманизм іздері байқалып тұрады. Қазақстандағы ең биік шың «Хан Тәңірі» деп аталады. «Тәңірі» сөзі ежелгі шаманизмнен шыққан Құдай деген мағынаны береді (Нұржанова, 2010: 57). Ал корей тілінде дәл осы мағынадағы «Таңғұн» сөзі бар, ол «корей халқындағы ру басы» деген мағынаны да береді. Тасқа қашалған бұғылар бейнесі мен қола айна, корей халқының Тангун атты қолбасшысы туралы аңыз – олардың бәрі күнге табынғандығының дәлелі болып табылады. Қазақ халқының мифтік аңыздары, аспан әле-

мі жөніндегі түсініктер, байырғы қазақ күнтізбесі, бай әдеби мұралар, көркемөнерінің сан алуан түрлері, шежірелік шығармалар, халық емшілігі және мәдениет мұралары және тағы да басқалары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан көне мәдениеттің көзі болса, дәл осы сипат корей халқында да кездеседі. Қазақ халқының көшпелі тұрмысында көп құндылықтар жоғалғанымен, қазақ халқы тілін сақтап қалды. Бұл әсіресе фразеологизмдерде ерекше байқалады. Көне заманда аспан құдіреті мен тәңірге сенген корей халқының таным-түсінігі, наным-сенімі оның фразеологизмдерінде көрініс тапқан: *하늘의 뜻* [haniri dit], сөзбе-сөз аудармасы «аспанның ойы», фразеологиялық мағынасы «тәңірдің жазғаны, басқа салғаны»; *하늘을 열다* [haniril yolda], сөзбе-сөз аудармасы «аспанды ашу», фразеологиялық мағынасы «билеуші болу»; *하늘이 되다* [haniri dyeda] сөзбе-сөз аудармасы «(біреудің) аспаны болу», фразеологиялық мағынасы «(біреудің) құдайы болу» (Kim Chun Shil, 2006, 98-б). Қазақстан телеарнасында аударылып, дыбысталған «Ұлы әмірші Куан Гэт Хо» тарихи телесериалдарынан мынадай мысалдар келтіруге болады: *타다르*

내 하늘은 내가 열 것이야. 내가 천하를 가져 모든 백성의 하늘이 되든... 아니면 죽어서 하늘에 오르든..... 네놈의 값싼 도움을 받아 그 가치를 떨어뜨릴 생각은 추호도 없다!!! [tatari: ne hanirin nega yol koshida. Nega chonharil kaje modin peksongi haniri dyegodin... animyuon chugosodo hanire origodin... nenomi kapssan doumil pada gi kachiril dorodiril sengagi chuhodo opta], сөзбе-сөз аудармасы: *Та Та Ры: Өз аспанымды өзім ашамын. Өз тәңірімді алып келіп, халықтың аспаны болсам да, әлде халықтың қолынан өліп, аспанға көтерілсем де сендер сияқты алаяқтардың көмегі маған керек емес.*

Түркі халықтарының бас иетін құдіреті – «Аспан», «Көк тәңірі». Корей тілінде, қазақ тіліндегідей, аспан сөзімен келетін фразеологизмдер баршылық. Өйткені корей халқының көне дүниетанымында да Тәңір – аспанның әміршісі, оның тұрағы – көкте, яғни аспанда болып есептелген. Яғни, Тәңір – ең жоғарғы құдай, ол аспан мен жердегі тылсым тіршіліктің иесі. Осы сияқты қазақ тілінде де «Аспаның ашық болсын» деген тілек «басыңа жаманшылық келмесін» деген мағынада айтылса, «аңыздық ыстық, қапырық» мағынасындағы аспан айналып жерге түскендей фразеологизмі ақырзаманның орнауы деген мағынада қолданылып,

екі халықтың да дүниетанымындағы ұқсастықтарды көрсетеді.

Тіл мен мәдениет ұштастығы арқылы халықтың сана-сезімін ғана емес, өмірге көзқарасын, қоғамы мен тұрмысын түсініп, білуге болады. Адамға әлем, дүние туралы көп ақпарат көбінесе тіл арқылы жеткізіледі. Тіл – адамның санасындағы дүние туралы түрлі білімдер жиынтығын қалыптастырып, оның болмысын айқындайтын құрал. Тіл мен мәдениеттің өзара ұштасуы адамдағы әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырады. Әрбір халықтың өз ана тілі бары анық. Тілдегі өзгешелік халықтың ұлттық-мәдени ерекшелігі туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді. Корей тіліндегі 개천에서 용이 나다 [kechoneso yong nada] фразеологизмінің сөзбе-сөз аудармасы «шалшық судан айдаһар шығу». Шалшық суда айдаһар секілді мифологиядағы хайуанның болуы мүмкін емес, сондықтан қазақ мәдениеті мен тілінің өкілдері үшін бұл фразеологизм «ойламаған жерден бірдеңеге тап болу не болмаса ойламаған жерден, кенеттен қауіп-қатерге килігу» деген мағынадағы бірлік болып көрінуі әбден мүмкін. Алайда бұл фразеологизмнің корей тіліндегі мағынасы «кедей отбасынан шықса да, ақылды, жұмысында жолы болғыш болу» екен. Мысалы: 민정 여자들이 제일 싫어하는 남자가 개천용이야. 오빠 자체로는 훌륭하지만 가족들이 민폐잖아 [Minjong: yogadiri jeil shirohanin namjaga kechonyuonia. Oppa jacherinon hullunhajiman kajokdirin minpejana], сөзбе-сөз аудармасы: *Мин Жоң: Қыздар шалшық судан шыққан айдаһарларды ұнатпайды. Сен өзің жақсы болсаң да, әке-шешеңнен ұяламын.* Бұл сөз тіркесінде корей халқының мифологиялық түсінігінде 용 /yong/, яғни айдаһар – алып күштің иесі, қайсар, батыл кейіпкер. Айдаһардың жай қарапайым халық тұратын кішкентай өзеннен шығуы кедей, оқымаған отбасынан ақылды, жолы болғыш баланың дүниеге келуін білдіріп тұр. Айдаһар – ақылдың, бақыттың рәмізі. Демек, бұл тұрақты сөз тіркесі арқылы корей ертегі-аңыздарындағы айдаһардың бейнесі жайлы білуге болады. Қазақ тіліндегі «басына бақыт құсы қонды» деген сөз тіркесінің де қазақ халқының ертегі-аңыздарындағы «бақыт құс» бейнесінің мағынасы жатыр. Құс – көне түркі тайпаларының ұғымында көктің (аспан әлемінің) символы. Көкті түркілер тәңірі деп білген. Қазақ ертегілері мен аңыздарында қарға, бүркіт, алтын құс, самұрық жайында көп айтылады. Яғни, халқымыздың санасында «бақыт құсы» – адамның көмекшісі, қамқоршысы бейнесінде (Хазимова, 2002:73 б).

Халықтың басынан өткерген қиындықтары, олардың арасында тараған кеселдері, аурулары, т.с.с. келеңсіз дүниелер фразеологизмдерде сақталған. Мәселен, корейлердегі 재수 옴 불다 [jesue om putta] фразеологизмінің сөзбе-сөз аудармасы «Сәттілікте қышыма жабысқан күн», бұл фразеологизм «жолы болмау» деген мағынада қолданылады. Бұл фразеологизмде 옴 불다 /om putta/ *қышыма жабысу* тұрақты сөз тіркесінің қолданылуы ерте заманда корей халқының мекендеген жерлерінде көп болған қышыма, оба сияқты аурулардан хабар береді. Ауру-жамандықтың, пәле, қатерлердің белгісі, сондықтан 옴 불다 /om putta/ *қышыма жабысу* ауыспалы мағынаға ие болып, жамандықтың белгісі, яғни сәтсіздікпен байланысты болғанын байқаймыз. Мысалы: 창수 재수 옴불은날이야. 형 한테 당하고 기집애한테 당하고. 막막하다.쥬정의 재벌의 아들은 고싶지않아. [Chansu: Jesu om putin naria. Huonghante danghago kijipe hante danghago. Chukjongi jeboli adilin koshipjana], сөзбе-сөз аудармасы: *Чаң Су: Сәттілігіме қышыма жабысқан күн. Ағам ашуыма тигені аздай, әлгі қыз да ызамды келтірді. Мұндай байлықтың не қажеті бар десеңші.*

Тілдің ұлттық-мәдени ерекшелігі дегенде, бір тілдің екінші тілмен салыстырғандағы көзге айқын көрінетін өзгешелігін, түсінуге қиын тұстарын айтамыз. Тілдің болмысының түбінде не жатыр десек, оған біз, әрине, сөздік қор деп жауап бере аламыз. Сөздік қор тіл арқылы белгіленген ең басты құндылықтарды сақтап, оның мәдени ерекшелігін де көрсетіп отыратын басты құрал. Академик Ә. Қайдар: «Халықтың дүниетанымы мен болмысы оның тек тілінде сақталып, тіл арқылы көрініс тауып отырады. Әр түрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қозғалыс қатарлары, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағлұматтардың бәрі де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестер фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы ғана келіп жетуі мүмкін – деген түйін-ойы фразеологиялық бірліктердің ұзақ жылдар бойы халық санасында сақталып, оның мәдениет тасымалдаушысы екенін дәлелдей түсетіні анық. Корей тілінде 더위를 사 가다 [doyuiril sa kada] сөзбе-сөз аудармасы: «ыстықты сатып алу», фразеологиялық мағынасы «жыл бойы жылы жүру» немесе 더위를 팔다 [doyuiril palda] сөзбе-сөз аудармасы: «ыстықты сату», фразеологиялық мағынасы «Жыл бойы жылы жүр» деген тілек. Киноаударма барысындағы мысалдан келтіретін болсақ: 명: 예예! 백성들은

대보름날 아침에 이렇게 더위를 판답니다. 그럼 여름을 무탈히 보낼 수 있구요! [Miong: Yee! Peksondirin deporimnal achime irokke doyuiril pandamnida. Girom yorimil mutalhi ponelsu ittagoyu], сөзбе-сөз аудармасы: Жоң Мең: Иә, қарапайым халық бұл күні таң ата сала өзінің бойындағы **ыстықтарын сатады** екен (Essense hankugo, 2003: 265). Сол кезде жазға дейін ауырмай жетеді деген ырым барын естідім.

(Бойындағы) жылуын не ыстығын (біреуге) сату – бұл фразеологиялық түйдек корей халқының ай күнтізбесі бойынша атап өтетін Жаңа жылдағы ай толған кезде адамдардың бір-біріне айтатын игі тілектерінің бірі. Өз бойындағы жылуды басқаға беріп, бөлісудің астарында «жыл бойы жылы жүр, тоңып қалма» деген ниет жатыр. Мұндай тілекті тек қана салқын жақтың тұрғындары айта алады. Егер ыстық жақты мекендейтін арабтар жақсы, көңілді қуантатын қуанышты хабар туралы «суық, салқын хабар» («бұл хабар менің жүрегімді суытты» деп жүректі/жанды жылытатын жақсы хабар туралы айтады) деп айтатын болса, қазақтардағы көз қуантатын адам немесе көз қуанышы араб тілінде «жанарының салқыны» деген фразеологизммен берілетін болса, онда қоршаған географиялық ортаның халықтың ойлау жүйесіне қалай әсер ететінін байқай беріңіз. Түрлі климаттық белдеуді мекендейтін халықтардың дүниені қабылдауы да әртүрлі.

Шығыс халықтарында, соның ішінде корей халқының наным-сенімдерінде *толған ай* не *толық ай* ерекше сакралды, тылсым күшке ие табиғат құбылысы екені рас. Дәл осы ай толысқан Жаңа жыл мерекесі кезінде корей халқы да өткен жылдағы жағымсыз нәрселердің бәрінен арылып, жаңа жылдан жақсы тілектер тілеп, қызыл түсі бар тағамдар дайындаған, қызыл түспен жамандықты аластап қуу ырымы да сақталған. Кез келген құбылысты жақсылыққа балау, жаратқаннан дұға тіле қазақтың табиғатында да бар. Қазақтар «ай көрдік, аман көрдік, бұрынғыдай заман көрдік» деп бір айдан екіншісіне аман-есен жеткеніне шүкіршілік етсе (ал шүкіршілік тек Жаратушыға айтылады), «Ескі айда есіркедің, жаңа айда жарылқа» деп тағы да Жаратқаннан жәрдем сұраған. Мұның бәрі халықтың наным-сенімдерінің, ғибадатқа деген шынайы құлшынысының айғағы.

Қазақтың бағзыдан келе жатқан амандасу салтындағы «Мал-жан аман ба?» деп «малды» «жаннан» бұрын қойып сөйлейтін дағды бекер пайда болған жоқ. Күнкөріс көзі негізінен мал шаруашылығы болған кезде қалыптасқан

сөз тіркесі «малы күйлінің жаны түгел болады» дегенді білдіреді. Корей халқының да амандық сұрауы олардың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты. Корей халқының амандасудан кейін «тамақ іштің бе?» деп сұрауының астарында үлкен мән жатыр. Ежелден отырықшылықпен айналысқан корей халқының негізгі күнкөріс көзі – егін шаруашылығы. Сол себепті корей халқының фразеологизмдерінде тамақпен байланысты сөз тіркестері жиі кездеседі. Қиыр Шығыс халықтарының ең басты азығы – күріш. Жиырмасыншы ғасырға аяқ басқалы бері Корея Республикасын біз қарқынды дамушы елдер қатарынан көріп келе жатырмыз. Өзінің экономикалық және саяси дамуының жылдамдығына қарамастан, бұл жаһандану корей халқының мәдени және материалдық құндылықтарына кері әсер етпеді. Сонау бағзы заманнан бері негізгі азық ретіндегі күріш әлі күнге дейін корей ас мәзірінде қолданылады. Тілдік қорында күріш *밥* [pap] сөзімен байланысты сөз тіркестері де көп кездеседі. Мұндай фразеологизмдер корей телехикаяларының мәтіндерінде де бар. Мысалы: *여석개뭐? 배신을 밥 먹는 듯 하는 네놈을 어찌 믿고? 대왕폐하..저놈은 절대 아니됩니다요...* [Yosokge: myuo? Peshinil pap moknin dit hanin nenomil oji midko... Deyangpeha.. jonomin jolte an dyemnida] Бұл мәтіннің сөзбе сөз аудармасы: «Е Сок Гэ: Не дейсіз? **Күріш жегендей** сатып кететін сендерге қалай сенеміз? Хан ием, бұларға сене қоймаңыз».

Әр халықтың ұлттық-этникалық компоненттің аудармада берілуі, әрине, түпнұсқаның ұлттық нақышын сол күйінде жеткізудің бірден бір жолы. Бірақ мұндай аударма арқылы сана-сезімі мен дүниетанымы әртүрлі екі ұлттың арасында түсінбестік туындауы әбден мүмкін. Соған байланысты жоғарыда көрсетілген мысалда, көрерменге толық түсінікті болу мақсатында тұрақты сөз тіркесіне мағыналық аударма жасалған.

Әр кезеңде материалдық мәдениеттің тұрақты элементтерінің бірі – тағамдық салт-дәстүрлер. Корей халқы ашаршылықты жиі бастан кешіргендіктен, әлі күнге дейін асты қадір тұтып, тамақ ішу мәдениетіне де көп көңіл бөледі. Қазақ халқы ас ішер алдында «асыңыз дәмді болсын» десе, корей халқында «Көп жеңіз!» тіркесі қолданылады. Корей халқының сөздік қорынан тағаммен байланысты жиі кездесетін фразеологизмдер арқылы бұл елдің күнделікті тұрмысындағы ұлттық ерекшеліктерді байқауға болады.

Фразеологизмдерді лингвомәдениеттану тұрғыдан зерттеудегі басты нысан – «табиғи тіл-

дік бірліктері болып табылатын фразеологизмдер мен «мәдениет» тілінің мәдени семантикасы арасындағы арақатынас жолдарын зерттеу және сипаттау» – деп атап кетуге болады. Осы тұрғыда фразеологизмді өзінің зерттеу шеңберіне айналдырып, аталмыш тақырыпта қорғалған диссертациялар мен жеке мақалалар, монографиялар мен жеке кітаптар санының көптігі лингвомәдениеттану тұрғысынан фразеологизмдердің зерттелу тақырыбының өзектілігін дәлелдейтін айғақ болып келеді. Ал қазақ тілі пен өзге тілдерді салыстыра зерттеу фразеология саласын жаңа қырынан көрсетіп, тіл дамуының жаңа кезеңін ашып көрсетіп отыр.

Әрбір ұлттың және халықтың өзіне тән болмыс-бітімі, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мұралары, ұлттық ерекшелігі – сол халықтың тарихи даму жолының көрінісі. Фразеологизмдердегі ұлттық нышанды анықтаудың тіл білімінде екі жолы бар:

1) бір тілдің ұлттық-мәдени болмысын екінші бір тілдің ұлттық-мәдени болмысымен салыстыру арқылы анықтайтын – салыстырмалы тәсіл;

2) бір тілдің ұлттық-мәдени нышаны сол тіл иелерінің көзқарасымен қарастырылатын, яғни өзіндік талдау, өзіндік бақылау жүзеге асырылатын – интроспективті тәсіл. Аталған тәсілдер әр ұлт тіліндегі тұрақты тіркестердегі ұлттық болмысты саралауға негіз болады, фразеологизмдердегі мәдени коннотацияны анықтайды. **Мәдени коннотация фразеологияның ең маңызды компоненті** болып табылады. Бұл – жеке бір халықтың, ұлттың нышаны. **Мәдени коннотация фразеологизмдердегі ассоциативтік-бейнелік негіздердің интерпретациялануының**

нәтижесінде туады, ол ұлттық-мәдени стереотиптермен сәйкестендірілуі арқылы жүзеге асады. Ал **стереотип** – дүние туралы таным-түсініктің қайталануынан тұрақталған әрекеттер мен құндылықтар шаблонуы. Стереотиптер өз семантикасында ұлт мәдениеті дамуының ұзақ уақыттық үдерісін көрсетеді, ұлттық сипат, тарихи және мәдени колоритті береді. Тіл білімінде стереотипті ситуацияның ойбейнесі ретінде фреймдер қарастырылады.

Қорытынды

Фразеологизмдер – ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткіші. Әр халықтың тұрмыс тіршілігіндегі амандасудан бастап бүкіл болмысынан олардың ұлттық, танымдық, мәдени белгілері көрініс табады. Біз зерттеп отырған қазақ және корей халқының тұрмыс тіршілігіне қатысты қолданылатын тілдік бірліктер, оның ішінде фразеологизмдер осының негізгі дәлелі бола алады.

Қорыта келгенде, фразеологизмдердің лингвомәдени қырларын зерттеудегі басты мақсат «табиғи тілдік бірліктері болып табылатын фразеологизмдер мен «мәдениет» тілінің мәдени семантикасы арасындағы арақатынас жолдарын зерттеу және сипаттау» болмақ. Осы тұрғады келгенде кез келген тілдегі фразеологизмдер тілдік материалдар ретінде сол халықтың жан-дүниесіне үңілуге, ойлау ерекшелігін тануға көмектеседі. Ал қазақ тілі пен корей тіліндегі фразеологизмдерді салыстыра зерттеу жаңа да қызықты фактілер ұсынып қана қоймай, ана тіліміздегі тілдік бірліктердің астарындағы образдарға, олардың ішкі формаларына үңілуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- 1 Телия В.Н. Культурно-национальные коннотации фразеологизмов // Славянское языкознание. XI международный съезд славистов. – М., 1993. – 308 б.
- 2 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: Наука, 1999. – 98 б.
- 3 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.
- 4 Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.
- 5 Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелері. – Алматы: Арыс, 1998. – 215 б.
- 6 Сейсенова А. Лингвистикалық мәдениеттану: этикет формаларына салстырмалы талдау: филол. ғылым. дисс. авторефераты. – Алматы, 1998. – 22 б.
- 7 Лингвистический энциклопедический словарь / гл. ред. В. Н. Ярцева. – 2-е изд., дополненное. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2002. – 709 с.
- 8 Yun Eng Ho, Eurasia goldin Hob, Pyuonsari, 2010 nyuon. – 256 p.
- 9 Хазимова А.Ж. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері: филол.ғ.к.... дисс. – Алматы, 2002. – 120 б.
- 10 Ba Yan San, Han mong shince guallion soktam piguio Engu, Bege dehakyuon soksa hakyui ninmun, 2014 nuon, – 120 pp.
- 11 Нұржанова А.Б. Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды: филол. ғыл. канд. ... қолжазбасы. – Астана, 2010. – 303 б.
- 12 Kim Chun Shil. Kyanonoro peunin hangugo. – Doso Chulpan, 2006 year, 387 pp.
- 13 Essense kugosajon, minjurim, 2003 year, 2056 pp.

References

- 1 Telia V.N. Culturno-nazionalnie konnotazii frazeologizmov.-Slavianskoie iazikoznanie. XI mejdinarodnii sized slavistov . M., 1993.-308b.
- 2 Sepir E. Izbrannie trudi po iazkoznaniiui I kultorologii. Moskva:Nauka, :1999. – 98 b.
- 3 Smagulova G. Maginalas frazeologizmderdin ulttik madeni aspektileri.-Almati, gilim, 1998. –196 b.
- 4 Salkinbai A. Tarihi sozjasam . – Almati , Qazaq universiteti, 1999. – 309 b.
- 5 Aldasheva A. Audarmatanu : lingvistikalik jane lingvomadeni maseleler. – Almati,Aris, 1998. –215 b.
- 6 Seisenova A.Lingvistikalik madeniettanu: etiket formalarina salistirmali. Folol.gilim.diss.Avtoreferati. – Almati, 1998. –22 b.
- 7 Lingvisticheskii enzklodepicheskii slovar / Gl.red/ V.N. Iarzeva – 2-ie izd., дополненное. – M.: Bolshaia Rossiiskaia enziklopedia , 2002. – 709 b.
- 8 Yun Eng Ho ,Eurasia goldin Hob, Pyuonsari, 2010 nyuon.-256p
- 9 Hazimova A.J. Kazak frazeologizmderdin ulttik-madeni derekteri.filol.g.k..diss.-Almati, 2002. – 120 b.
- 10 Ba Yan San , Han mong shinche guallion soktam piguio Engu, Bege dehakyuon soksa hakyui ninmun, 2014 nuon,-120 pp
- 11 Nurzanova A.B. Dunienin karabaiir beinesi: frazeologialik framenttin somatikalik kodi:filol.gil.cand. koljazbaso. – Astana, 2010 – 303 b.
- 12 Kim Chun Shil. Kyanonoro peunin hangugo. – Doso Chulpan,2006 year, 387 pp
- 13 Essense kugosajon, minjurim, 2003 year, 2056pp

¹Абдуракын Н., ²Шарыпказы Н.

¹аға оқытушы, e-mail: Abdurakyn.Nurhalyk@gmail.com

²аға оқытушы, e-mail: nuriknaiman@mail.ru

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.

ҚЫТАЙ-ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАСТАУЫШ-БАЯНДАУЫШТЫҚ СӨЙЛЕМНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ БАСТЫ БЕЛГІЛЕРІ

Бұл мақалада қытай-қазақ тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөйлемнің ерекшелігін жан-жақты салыстыра отырып, қытай тілін не қазақ тілін үйренушілерге жол көрсетіледі.

Қытай тілі – SVO формасындағы тіл, қытай тілінде етістік баяндауышты сөйлем жасалу ерекшелігі бойынша жасалады. Онда морфологиялық көп өзгеріс болмайды. Қай кезде де осы ерекшелік сақталады, баяндауыш өзек болады, соңында қортынды сөз. Ал қазақ тілі – SOV формасындағы тіл. Сөйлемде бастауыш, толықтауыш, пысықтауыштар баяндауыштың алдында келеді. Сөз тіркестері де сөзжасам да солай қалыптасқан. Өйткені көмекші сөз бен жұрнақтар бірлесіп сөйлем мүшесін қалыптастырады.

Сондықтан да сөздер тез орын ауыстыра алады, сөйлем мүшелері өте икемді қолданыста түседі. Алайда бастауыш пен баяндауыштың екі тілде де рет-тәртібі өзгермей сақталады.

Түйін сөздер: Алтай тілдер жүйесі, жалғамалы тіл, сөз тәртібі, етістікті баяндауыштар, бастауыш-баяндауыштық құрылым, түбір тұлғалы тіл.

¹Abdurakyn N., ²Sharypkazy N.

¹senior teacher, e-mail: Abdurakyn.Nurhalyk@gmail.com

²senior teacher, e-mail: nuriknaiman@mail.ru

al-Farabi Kazakh national university, Faculty of Oriental Studies, Kazakhstan, Almaty

The main grammatical features of two-part sentences in Chinese and Kazakh language

In this article we comprehensively conducted the speshal between two-part sentences in Chinese and Kazakh languages. Chinese is SVO form – language, in chinese the verb is formed by peculiarities of forming verbal sentences. The are not any big morphological changes. In any case: “peculiarity remains + verb is the basis + result remains”. In sentences the subject, the object and adverbial modifier are placed before the predicate. The word – combination and word formation are formed by this way. As long as the auxiliary word and prepositions form the member of the sentence. Therefore, the words tend to change places, members of the sentence are widely used. However, in both languages the role of the subject and predicate remains unchanged.

Key words: Altai language system, inflected language, word order, verbal predicates, two-part structure, an amorphous language.

¹Абдуракын Н., ²Шарыпказы Н.

¹старший преподаватель, e-mail: Abdurakyn.Nurhalyk@gmail.com

²старший преподаватель, e-mail: nuriknaiman@mail.ru

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, факультет востоковедения, Казахстан, г. Алматы

Основные грамматические особенности двусоставных предложений в китайском и казахском языках

В данной статье всесторонне рассмотрены особенности между двусоставными предложениями казахского и китайского языков. Китайский является языком формы SVO, в китайском языке глагол образуется путем особенности образования глагольных предложений. В них не встречаются значительные морфологические изменения. В любом случае: «сохраняется особенность + глагол является основой + сохраняется вывод». А казахский язык формы SOV. В предложении

подлежащее, дополнение, обстоятельство ставится перед сказуемым. Словосочетание, словообразование образовалось таким путем. Так как, вспомогательное слово и предлоги образуют члены предложения. Поэтому, слова склонны к перемене мест, члены предложения гибки в употреблении. Однако, роль подлежащего и сказуемого в обоих языках остается неизменной.

Ключевые слова: Алтайская языковая система, флективный язык, порядок слов, глагольные сказуемые, двусоставная структура, аморфный язык.

Қазақ тілі алтай тілдер семьясы, түркі тілдер жүйесіне жатады. Қытай тілі қытай-тибет тілдер жүйесіне жатады. Қытай тілінің грамматикасы жасырын болса, қазақ тілі ашық болады. Қытай тілі сөз мағынасын негіз етсе, ал қазақ тілі форманы негіз етеді, сондықтан да грамматикалық талдау жүргізгенде сөз мағынасының еш қатысы жоқ талдана береді. Сөйлем құрылымы анықталса, сөз мағынасы да ашыла түседі. Ал қытай тілінде тек сөз мағынасы бойынша сөйлем талданады. Қазақ тілінде етістіктің соңына ұқсамаған жұрнақтарды жалғауға болады.

Мысалы: Бар—(去)是 Ғ ; сөз.

Мектепке бару (去 Ғ 校)是短 Ғ ; сөз тіркесі.

Мектепке бардым. (我去 Ғ 校了。)是句子。Сөйлем. (阿.努尔哈利克, 2016: 85)

Қазақ тілінде “Бар” сөзі тіркесте де сөйлемде де жұрнақ жалғану арқылы құрылымдық өзгеріске ұшырайды. Ал қытай тіліндегі “去 бар” сөзі ондай өзгеріске түскен жоқ. Керісінше жанындағы сөздің мағынасына қарай мағыналық өзгеріске ұшырайды. Сондықтан қытай тілі мағынаны негіз етіп жасалса, қазақ тілі форманы негіз етіп жасалады. Қытай ұлтының ойлау тәсілі түйсік арқылы болса, қазақ ұлтының ойлай тәсілі санамен жүргізіледі. Бейнелеу жағында қытай тілі оқырмандарға түйсік арқылы жеткізсе, қазақ тілі оқырмандарға айтатын ойды толық айтып түсіндіріп жеткізеді. Қытай-қазақ тілінің ішкі айырмашылығы қытай тілін үйренуші қазақ студенттерге үлкен қиыншылық тудырады. Сондықтан да сөйлеуде, сөйлем аударуда ойлау тәсілінен жаңылып қателіктерге жол береді.

Қытай тілі — құрылымдық жақтан түбір тұлғалы тіл, ал қазақ тіл — жалғамалы тіл. Ұқсас бір сөйлемді қытай-қазақ тілінде екі тілде бейнелегенде грамматикалық жақтағы айырмашылығы анық байқалады. Қытай тілі сөз тәртібі мен көмекші сөздерге баса мән береді, ал қазақ тілі морфологиялық өзгерістерге назар аударады.

Қытай ұлтының ойлау дағдысы бойынша бір ойдың тәртібі: қимыл иесі+қимыл+қимыл қабылдаушы. Ал қазақ ұлтының ойлау дағдысы бойынша: қимыл иесі+қимыл қабылдаушы+қимыл. (成燕燕, 1992: 156). Демек екі тілдің ойды жеткізу тәсілі екі бөлек.

Қытай тілінде сөйлем мүшелерінің орны ауысса, сөйлемдегі айтпақшы ой өзгереді. Ал қазақ тілінде морфологиялық өзгерістерге назар аударылатындықтан, сөйлем мүшелерінің орны ауысса да сөз мағынасы еш өзгермейді, екі тілдегі баяндауыш пен толықтауыштың орыны ұқсамайды, алайда байланысу тәсілі ұқсайды.

Мысалы:

他//正在干家 Ғ 活 Ғ. Осы сөйлемді тікелей қазақ тіліне аударсақ:

Ол істеуде үй шаруасын. Ал енді қазақ тіліндегі сөз тәртібімен аударсақ: «Ол үй шаруасын істеуде». Енді осы сөйлемді тікелей қытай тілінің сөз тәртібі бойынша аударсақ: 他//家 Ғ 活 Ғ 干”.

Бұл мысалдан түсінетініміз: екі тілдегі баяндауыштың орны ұқсамауына байланысты қытай тіліндегі сөйлем мағынасының құбылып тұрғанын көреміз. Сондықтан қытай тілін үйренуші қазақ студенттері көбінде осы мәселеге мән бермей қателесіп жатады.

Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөйлемнің рет тәртібі: бастауыштан соң баяндауыш, соңында толықтауыш келеді, пысықтауыш пен анықтауыш бастауыш пен баяндауыштың алды не артына келеді, *толықтырғыш мүше толықтауыштың алдында не артында келеді.*

Мысалы: Ғ Ғ 一 Ғ 便 一 Ғ 候 一 一 下 一 Ғ 一 Ғ !

(主 бастауыш — Ғ пысықтауыш — Ғ етістік — Ғ толықтырғыш — Ғ толықтауыш). Ал қазақ тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөйлемнің рет тәртібі: бастауыштан соң толықтауыш келеді, анықтауыш бастауыштың алды артында тұрады.

Ал толықтауыштың соңында пысықтауыш болады, содан соң баяндауыш келеді.

Мысалы: Мен—белімді—белбеумен—тартып—буындым. 我把我的腰用 Ғ 腰布 牢固的 Ғ 住 (主 бастауыш — Ғ толықтауыш — Ғ пысықтауыш — Ғ пысықтауыш — Ғ етістік) 我用 Ғ 腰布 把腰 Ғ 地 Ғ 住了. Қазақ тілінде кейде бастауыш жасырын тұрады. (Ғ 凌, 2002: 22). Мұндай сөйлемде баяндауышқа қарап, бастауышты табуға болады. Қытай-қазақ тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөйлемнің атауы

ұқсағанымен ішкі құрылымы мүлде ұқсамайды. Қазақ тіліндегі есім сөздерден жасалған баяндауыштық сөйлем атаулы және атаусыз болып бөлінеді, мұндай ішкі түрлерге жіктелу қытай тілінде жоқ. Қазақ тіліндегі атаулы сөйлем үлгісі жалғыз сөзден жасала береді. Ал бұл қытай тіліндегі етістік толықтауыштық сөйлемге сәйкестенеді. Бастауыш-баяндауыштық сөйлемнің сын есім баяндауышты сөйлем, өз ішінен өзекті сөзі пысықтауыштан жасалған сын есім баяндауышты сөйлем, салаласты сын есім баяндауышты сөйлем, баяндауыш толықтырғышты сын есім баяндауышты сөйлем болып бөлінеді. Ал қытай тілінде сын есімде шырай категориясы болмайды. Егер дәреже жағынан ұқсамаған кезде сын есімдерді қайталау арқылы не сын есімнің алдына күшейткіш үстеулерді қосады. Ал қазақ тілінде сын есімнің шырай категориясы болады. Мысалы: 他 好 一些。 Оның жазуы жақсырақ.

那 路 直 直 的。 Ана жол түп-түзу.

他 好 一点。 Ол допты жақсы тебеді.

那 苹果 的。 Бұл алма дөп дөңгелек.

他 的 快 一点。 Ол тезірек жүгіреді.

那座山 高 高的。 Ол – биік тау.

他 得 漂亮 些。 Ол әдемірек.

Қытай тіліндегі өзекті сөзі пысықтауыштан болған сын есім баяндауышты сөйлемнің пысықтауышы көбінде үстеулер арқылы жасалады. Кейде шылаулы тіркестер мен көмекші сөздерден де жасалады. Ал қазақ тіліндегі өзекті сөзі пысықтауыштан болған сын есім баяндауышты сөйлемнің пысықтауышы көбінде зат есімнен жасалады. Кейде сөз соңында жүретін сөздер мен үстеулерден жасалады. Сондықтан қазақ тіліндегі зат есімнен жасалған сын есім баяндауышты сөйлем қытай тіліндегі етістік баяндауышты сөйлемге ұқсайды. (阿·努尔哈利克, 2015:150). Мысалы:

Ол қырықтың мол ішінде。 他有 40 多 人。

Үйде жан пенде жоқ。 屋子里 有 一 人。

Ол көмекке зәру。 他 需要 助。

Аудиторияда адам көп。 室里 好 多人。

Ол жас。 他 是 年 人。

Оған демалу керек。 他 需要 休息。

Оған ақша керек。 他 需要 一 元。

Жоғардағы мысалда қазақша сөйлемдегі пысықтауыш пен анықтауыш қытай тіліндегі бастауышқа ұқсайды. Ал қазақ тіліндегі бастауыш қытай тіліндегі толықтауышқа сәйкес келеді.

Қытай-қазақ тіліндегі мұндай сөйлемдердің айырмашылығы өте үлкен болады. Міне бұл баяндауыштың ерекшелігіне байланысты

болады. Сондықтан да қазақ тіліндегі сын есімді баяндауыштың алдына пысықтауыш келеді. Ал қытай тіліндегі баяндауыш соңына толықтауыш ертеді.

Мысалы: Шымкент Атыраудан үлкен。 石 姆 肯 市 比 阿 特 市 大。

Бүгінгі ауа райы кешегіден жақсы。 今天 的 天 气 比 昨天 好。

Сенің күшің менен көп。 你 的 力 气 比 我 的 大。

Оның бойы менен биік。 他 的 身 子 比 我 高。

Астана Алматыдан алыс。 阿 斯 塔 纳 比 阿 拉 木 远。

Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөйлемнің сын есім баяндауышы көбінде баяндауыш-толықтырғыш сөз тіркесінен жасалады. Ал қазақ тілінде толықтырғыш жоқ, сондықтан баяндауыш-толықтырғышты сын есімді баяндауышты сөйлем тек қытай тілінде ғана болады. Қытай тіліндегі бұл сөйлем қазақ тіліндегі пысықтауышқа ұқсайды. Мысалы:

病情 重 了。 Оның ауыруы асқынды。

地 上 很 得 很。 Алаң тып-тыныш。

生活 糟 糕 透 了。 Тұрмыс өте нашар。

心情 美 了。 Көңіл-күйі өте жақсы。

市 很 了。 Қала орталығы өте алыс。

天 很 冷 的 很。 Күн қатты суық。

很 大 的 很。 Жел қатты。

Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөйлемнің етістік баяндауышты сөйлемі өз ішінен баяндауышы етістіктен жасалған етістік баяндауышты сөйлем, етістік толықтауышты сөйлем, өзекті сөзі пысықтауыштан болған етістік баяндауышты сөйлем, салалас етістік баяндауышты сөйлем, баяндауыш-толықтырғышты етістік баяндауыш сөйлем, (екі етістік қатар тұратын) желілес етістік баяндауышты сөйлем, қос міндетті етістік баяндауышты сөйлем, сақталу болмысын білдіретін етістік баяндауышты сөйлем болып бөлінеді. Ал қазақ тілінде етістік баяндауышты сөйлем жақты, жақсыз, сандық, мезгілдік жағдайларға қарай өзгереді. Алайда қытай тілінде мұндай өзгерістер жоқ. Қытай-қазақ тілін осындай тұрғыда салыстыруда сөз таптары негізге алынады.

Қытай тіліндегі жалғыз буынды және сабақты етістік сөйлемде көбінде соңына толықтауыш ертіп жүреді. Егер толықтауыш ертпесе, онда соңына толықтырғыш не пысықтауыш ертеді. (邢 福 祚, 2010: 88). Қазақ тілінде етістіктің рай категориясы бар, қытай тілінде мұндай өзгеріс жоқ. Мысалы:

哈 瑟 木 穿 衣 服 了。

Қытай-қазақ тілдерінде етістік-толықтауышты, етістік-баяндауышты сөйлем бар. Алайда

екі тілдегі сөз тәртібі ұқсамайды. Қытай тілінде етістік толықтауыштың алдында тұрады. Қазақ тілі мүлде керісінше, толықтауыш баяндауыштың алдында тұрады. Мысалы:

我能任何困难。 Біз кез келген қиыншылықты жеңеміз.

我能超越自己。 Біз бәрін жеңеміз.

他求走慢点。 Ол ақырын жүруді талап етті.

他建公司改革。 Ол компанияны өзгертуге ұсыныс берді.

他命令部前。 Ол қосынға ілгерілеу бұйрығын берді.

Біз бұл салыстырудан байқағанымыз: қытай тіліндегі етістік-толықтауыш қай кезде де сөз тәртібіне бағынады. Сондықтан да онда баяндауыш соңынан келетін сөз толықтауыш болады. Ал қазақ тіліндегі толықтауышқа әдетте септік жалғаулары жалғанады. Олар “на\ни, да\ди, та\ти, н” тағы басқа да етістік толықтауыш морфологиялық өзгерістерге ұшырайды. Қазақ тіліндегі етістік-толықтауыш, етістік-баяндауышты сөйлемдегі бастауыш қимыл иесі болса, толықтауыш қимыл қабылдауыш болады. (Аманжол, 2004: 186). Бұл байланыс тұрақты болады. Міне бұл қытай-қазақ тіліндегі тағы бір ерекшелік.

Мысалы: Мен кино көрдім. 我看影了。

Ол хат жазды. 他信了。

Ол ұйықтады. 他睡了。

Ол тамақ жеді. 他吃了。

Әкем жұмысқа шықты. 爸爸上班了。

Ол үйге қайтты. 我回家了。

Досым емханада жатыр. 朋友住院了。

Қытай тілінде бастауыш-баяндауыштық сөйлемдегі және баяндауыш-толықтырғышты сын есім не сын есім сипатты сөздер баяндауыш болады, сонымен бірге баяндауыш-толықтырғыш тіркесі сөйлемде баяндауыш болады. Сондықтан қытай тіліндегі №6 сөйлем мүшесі саналатын толықтырғыш қазақ тілінде болмайды.

Қытай тіліндегі баяндауыш-толықтырғыш сөйлем қазақ тіліндегі пысықтауышқа сәйкес келеді.

Қытай-қазақ тілі мүлде басқа екі тіл, құрылымдық жақтан, екі тілдің өзіндік өзгешелігі бар, алайда қытай-қазақ тіліндегі жай сөйлемдердің құрылымдық түрлері негізінен ұқсайды. (朱, 斌, 伍依, 2009: 58). Қазақ тілінде сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінен жасалған жай сөйлем түрі жалаң сөйлем деп аталады. Сөй-

лемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерінен жасалған жай сөйлем түрі жайылма сөйлем деп аталады. Сөйлемдегі бастауыштың көріну және көрінбеуі маңызды емес, баяндауыштың қаншасыншы жақта тұруына қарап, бастауышы белгілі болған сөйлемді жақты сөйлем дейміз. Сөйлемде баяндауыштың қай жақ екені белгісіз, бастауышы көрінбейді, алайда логикалық жақтан бастауышты білуге болады. Мұндай сөйлемді жақсыз сөйлем дейміз.

Қазақ тілінде толымды сөйлем: сөйлемге қатысты барлық сөйлем мүшелері толығымен қатысқан сөйлемді толымды сөйлем дейміз. Мұндай сөйлемде тұрлаулы және тұрлаусыз мүше деп бөлмейміз.

Толымсыз сөйлем: сөйлемге қатысты барлық сөйлем мүшелері толығымен қатыспайтын сөйлемді толымсыз сөйлем дейміз (阿含沃夫, 柯, 1996: 210). Мұндай сөйлемде сөйлемге қатысты кейбір сөйлем мүшесі түсіп қалады. Бұл сөйлемде бұйрық, ұран, ой толықтыру, көңіл-күй бейнеленеді.

Екі тілдегі сөз тәртібінің ерекшелігін, сонымен бастауыш-баяндауыштық сөйлемнің ұқсастығы мен айырмашылығын жіңішке түрде салыстыра отырып, екі тілді үйренушілерге жеңілдік жасайды. Қазіргі қазақ-қытай тілдерінде бастауыш-баяндауыштық сөйлем өте жиі қолданыста, сөз басы осы құрлымнан басталады, сондықтан көптеген грамматика ғалымдарының жете назарындағы үлкен мәселе.

Екі тілдегі бастауыш-баяндауыштық сөйлемді түрге бөлу жағында ерекшелік бар. Сөйлем құрылымы, сөйлем қызметі, сөз жасам, сөз тіркесінің құрылымы, сөйлемнің байланысу тәсілі жағында пікір алауыздығы бар.

Қытай тіліндегі құрылымдық жақтағы ырықсыз сөйлемдер құрылым жақтан қазақ тіліне қатты ұқсайды, ал мағыналық жақтағы ырықсыз сөйлемдер еш ұқсамайды. Екі тілді синтаксис, морфология, сөз қолданысы жақтарынан салыстырмалы зерттей отырып сабақ жүргізгенде студенттер сөйлем заңдылығын тез меңгеретіні сөзсіз.

Бұл мақаланың айтпақшы ойы жоғарыда айтылған ерекшеліктерді негізге ала отырып, сабақ жүргізсек не осы екі тілдің ішкі заңдылықтарын жадымызда сақтай отырып қытай тілін үйренсек, жүгіміз жеңілдейді. Қытай-қазақ тілін оқыту аясында өз үлесін қосады.

Әдебиеттер

- 1 A. Nuerhalike «han-ha zhuyujieougoudubi yanjiu» hasake guoli daxue chubanshi 2016nian
- 2 Chengyanyan «han-ha duibiyufa» xinjiang jiaoyu chubanshi 1992nian
- 3 Yangling «xiandai hasakeyu jieouguyanjiu» xinjiang daxue chubanshi 2002 nian
- 4 Nuerhalike «xiandai hanyuyufa» hasake guoli daxue chubanshi 2015 nian
- 5 Xingfuyi «xiandaihanyu» gaodengjiaoyu chubanshi 2010nian
- 6 Amanzhuolifu «xiandai hasakeyu» alamutu xuexiao chubanshi, 2004 nian
- 7 Zhu, Liu, Wuyilan «xiandai hanyu xiaojulixinglianjiyeanyiu» huazhongshi fandaxue chubanshi 2009
- 8 Ahanwofu.Ke. «hayuyufalilun» Alamutu, 1996nian
- 9 Fangyuqing «shiyonghanyuyufa» beijingyuyun xueyuan chubanshi 1992 nian
- 10 Linxiangmei «xiandaihanyu» yuwen chubanshi 1990nian
- 11 Lufubo «duiwaihanyu jiaoxueshiyong yufa» Beijingyuyan wenhua daxue chubanshi 2002nian
- 12 Liubaoshun, Quxiuzhen «xiandai hanyuyufa» xinjiangjiaoyu chubanshi 1987 nian

References

- 1 阿.努尔哈利克《代哈主句比研究》哈克立大出版社 2016年
- 2 成燕燕《代哈比法》新疆教育出版社 1992年
- 3 凌《代哈克研究》新疆大出版社 2002年
- 4 阿.努尔哈利克《代法》哈克立大出版社 2015年
- 5 邢福《代》高等教育出版社2010年
- 6 阿曼力福《代哈克》阿拉木校出版社2004年
- 7 朱, 斌, 伍依《代小句型研究》中范大出版社 2009
- 8 阿含沃夫.柯.《哈法理》- 阿拉木, 1996年
- 9 房玉《用法》北京言院出版社1992年
- 10 林祥楣《代》文出版社 1990年
- 11 福波《外用法》北京言文化大出版社2002年
- 12 徐秀珍《代法》新疆教育出版社 1987年

¹Ахапов Е.А., ²Даирова А.С., ³Муратова К.Е.

¹Ph.D., старший преподаватель, e-mail: ahapov.erlan@kaznu.kz

²М.А., ассистент, факультет востоковедения,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: dairova.aizhan@kaznu.kz

³ВА, преподаватель японского языка, e-mail: rin_1_1@mail.ru

АКТУАЛЬНОСТЬ РЕКЛАМНОГО СЛОГАНА И СПЕЦИФИКА ЕГО ПЕРЕВОДА

Данная статья посвящена изучению особенностей перевода рекламных слоганов на примере средств массовой информации Японии. В данной работе рассматриваются особенности японской рекламы, в частности специфика её языка. Более того, выявлены наиболее часто применяемые приемы для перевода слоганов с японского на русский язык.

Ключевые слова: слоган, реклама, перевод, приёмы перевода, эквивалентность и адекватность перевода.

¹Ахапов Е.А., ²Даирова А.С., ³Муратова К.Е.,

¹Ph.D докторы, аға оқытушы, e-mail: ahapov.erlan@kaznu.kz.

²М.А., ассистент, шығыстану факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ. e-mail: dairova.aizhan@kaznu.kz

³ВА, жапон тілінің оқытушысы, e-mail: rin_1_1@mail.ru

Жарнамалық ұранның өзектілігі және оның аудару ерекшелігі

Осы мақала Жапон бұқаралық ақпарат құралындағы жарнама слогандарын аудару ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Осы жұмыста жапон жарнамасының ерекшеліктері, атап айтқанда оның тіл ерекшелігі қарастырылды. Сонымен бірге жапон тілінен орыс тіліне жарнамалық слогандарды аударуда жиі қолданылатын тәсіл анықталды.

Түйін сөздер: слоган, жарнама, аударма, аударма тәсілдері, аударма эквиваленттігі және барабарлығы.

¹Akhapov E.A., ²Dairova A.S., ³Muratova K.E.

¹Ph.D., senior lecturer, e-mail: ahapov.erlan@kaznu.kz

²M.A., assistant, Oriental studies faculty, al-Farabi KazNU,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: dairova.aizhan@kaznu.kz

³BA, Japanese language teacher, Kazakhstan, Almaty, e-mail: rin_1_1@mail.ru.

The relevance of the advertising slogan and the specificity of its translation

This article is devoted to the study of features of translation of advertising slogans on the example of Japanese mass media. In this paper, we consider such issues as: the characteristics of Japanese advertising, in particular, the specificity of its language. Moreover, the most frequently used techniques for translating slogans from Japanese into Russian have been identified.

Key words: slogan, advertising, translation, transformation, equivalence and adequacy of translation.

В XXI веке, веке технологий, СМИ являются частью системы социума. Они играют значительную роль в распространении рекламы. Значимость рекламы в наши дни невозможно переоценить, ведь она является межкультурным

феноменом. Учитывая рост интернациональной рекламы на телевидении, в печатных изданиях и интернете, количество международных брендов, нуждающихся в переводе своих слоганов на различные языки, увеличивается каждый

день. Перевод играет немаловажную роль и является актуальной темой исследования, так как благодаря развитию международных отношений в таких сферах, как торговля и туризм, возрастает необходимость адаптации рекламы, в связи с чем день ото дня возрастает количество исследований в области перевода рекламных текстов. Компании нуждаются в грамотном переводе текстов рекламы, в частности слоганов, если они хотят осуществлять реализацию своего товара на международном рынке, что влечет за собой увеличение аудитории покупателей и продаж. Данная статья предлагает ознакомиться с анализом перевода рекламных слоганов с японского языка на русский язык.

Цели и задачи. Цель настоящей работы – выявление основных приемов перевода, применимых к рекламным слоганам СМИ Японии, а так же рассмотрение типов эквивалентности. В соответствии с целью исследования предполагается выполнение следующих задач:

- изучить переводы рекламных слоганов на японском и русском языках для выявления приемов перевода и типов эквивалентности;

- провести количественную оценку применяемых лексических и лексико-грамматических трансформаций на изученных примерах.

Методы исследования. Анкетирование проводилось в период с 30 января 2017 года по 17 февраля 2017 года среди 50 респондентов с целью выявления приемов перевода, уровня эквивалентности и восприятия рекламы. Главным критерием отбора респондентов было знание японского – уровень языка от N3 JLPT (intermediate level).

Перевод является процессом полного воссоздания оригинального документа средствами другого языка с сохранением синтеза содержания и стиля. Это и является отличительной особенностью перевода от пересказа, где можно передавать содержание подлинника, опуская детали не первостепенной важности и не заботясь о воссоздании стиля. Иными словами, воссоздание единства содержания и стиля свойственно аккурат языку перевода.

Для перевода разговорной фразы 「あなたが私のプレゼントを「に入れてくれて嬉しい」」 аната га ватаси но пурэзэнто о ки ни иттэ курэ-тэ урэси:, сохраняя при этом указанный выше синтез содержания и стиля, нужно помнить, что предложение должно звучать так же естественно, как и на языке оригинала. Разумеется, необходимо учитывать особенности в оформлении предложений по правилам грамматики японско-

го и русского языков. Но, даже прибегнув к методу генерализации, мы не получим приемлемого перевода. *Вам мой подарок понравился я рад.* В-первых, в японском языке, в отличие от русского, строгий порядок слов – глагол всегда на последнем месте. В-вторых, в зависимости от того, кто говорит и кому адресована фраза, при переводе на русский язык изменится личное местоимение. Необходимо решить, каким образом перевести слово *あなた* – вам или тебе. Несмотря на простоту предложения, переводчик сталкивается с рядом вопросов, которые необходимо решить для достижения эквивалентности перевода.

Эквивалентность – это оценочная характеристика перевода, являющаяся одной из центральных концепций в теории перевода. Эквивалентность не является константой и может изменяться по ситуации. Уровень близости оригинального текста и перевода может быть различным, и эквивалентность достигается на разных уровнях. Иными словами, типы эквивалентности бывают нескольких видов, что зависит от степени близости двух текстов. Выяснить, насколько текст перевода эквивалентен оригиналу, можно путем сопоставления, что является одним из критериев при оценке результатов процесса перевода. Достижение максимальной эквивалентности в межкультурной коммуникации не всегда является первостепенной задачей, а иногда даже нежелательной. Например, японский слоган 2005-2011 годов 「トヨタ。人、社、地球の新しい未来へ。」 – Тоёта. Хито, сякай, тикю: но атараси: мирай э являлся оригинальной фразой, которая впоследствии была переведена на многие языки мира как «Toyota. Drive Your Dreams». Русский перевод – «Тойота. Управляй мечтой». Со временем компания приняла перевод, заменив японскую фразу английской. Пример показывает, что иногда эквивалентность сохраняется не на максимальном уровне, что может привести к удовлетворяющему результату.

Практика теории перевода показала, что лишь критерия эквивалентности может быть недостаточно, когда речь идет о переводе. Поэтому было введено понятие «адекватность». О терминах «эквивалентность» и «адекватность» пишут такие авторы, как Р. Левицкий, В.Н. Комиссаров, Дж. Кэтфорд и другие. Часто описание одного автора противоречит описанию другого, что можно отнести к проблеме неизученности и постоянного развития теории перевода как науки. Так, в трудах В.Н. Комиссарова «эквивалентность» и «адекватность» рассматриваются как неидентичные, но тесно связанные понятия.

Адекватный перевод имеет довольно широкий смысл и характеризует перевод, обеспечивающий полноту межкузыковой коммуникации, эквивалентность же воспринимается лишь на уровне единиц языка и речи. Согласно К. Раис и Г. Вермееру, термины «адекватность» и «адекватный» характеризуют перевод как процесс, тогда как «эквивалентность» и «эквивалентный» подразумевают отношения между исходным и конечным текстами.

В свою очередь в информативной статье Р. Левицкой «О принципе функциональной адекватности перевода» термин «адекватность» в ряде случаев оказывается взаимозаменяемым с термином «эквивалентность». Аналогично в работах зарубежного автора Кэтфорда понятие «translation equivalence» трактуется как «адекватность перевода».

Переводчик не в состоянии передать 100% исходного текста, так что согласно теории уровней эквивалентности по В.Н. Комиссарову важно, чтобы он сохранял инвариант, то есть общность

семантического содержания исходного и переводного текста. В.Н. Комиссаров выделяет 5 основных уровней плана содержания, которые могут быть сохранены (переданы) в переводе. Все переводы могут быть разделены на пять типов эквивалентности, которые различаются по объему и характеру информации. Каждый последующий тип эквивалентности сохраняет часть исходного содержимого, которая включает в себя информацию, сохраненную в предыдущих типах. Каждый перевод можно рассматривать как принадлежащий к определенному уровню эквивалентности: каждый последующий тип подразумевает более высокую степень семантического сходства, то есть каждый перевод сделан на определенном уровне эквивалентности.

В качестве седьмого вопроса анкетного исследования была предоставлена таблица (Таб.1), основываясь на которую респондент должен был выбрать один из уровней эквивалентности, ссылаясь на ранее данные ответы-переводы.

Таблица 1 – Типы эквивалентности по В.Н. Комиссарову

Типы эквивалентности	Характеристика
I	Эквивалентность на уровне цели коммуникации
II	Эквивалентность на уровне идентификации ситуации
III	Эквивалентность на уровне сообщения, способа описания ситуации, общих понятий
IV	Эквивалентность на уровне структуры высказывания
V	Эквивалентность на уровне языковых знаков

Суть заключается в том, чтобы не пытаться решать, в чем должна состоять общность перевода и оригинала, а сопоставить переводы с их оригиналами и выяснить, на чем основывается их эквивалентность. В данном случае приведены лишь ответы на вопрос «Как Вы думаете, какой тип эквивалентности более уместен при переводе слоганов?».

Проиллюстрируем типы эквивалентности из работы В.Н. Комиссарова следующими примерами:

Первый тип (эквивалентность на уровне цели коммуникации):

Слоган: «Whiskas» (рус. «Вискас») – серия кормов для кошек, выпускаемых американской продовольственной компанией Mars в её подразделении «Masterfoods».

カルカン、ねこ、まっしぐら КАРУКАН, НЭКО, МАССИГУРА;

«Ваша киска купила бы Вискас».

Цель коммуникации здесь заключается в моменте, что корм для кошек очень вкусный. Выражено это на двух языках по-разному: в русском варианте – кошка бы сама купила корм, потому что это вкусно; в японском варианте – массигура, которое можно перевести как «стремглав, опрометью, на всех парах», показывает насколько корм вкусный. В итоге, слоганы полностью отличаются по структурному типу, но имеют общую цель – донести до потребителя, насколько хорош их продукт.

2. Второй тип (эквивалентность на уровне описания ситуации):

Слоган: бренд Pantene от швейцарской фармацевтической компании Hoffman – La Roche.

毛先までダメ「ジを忘れた」 кэсаки мадэ дамэ:дзи о васурэта ками;

«Шикарные волосы до самых кончиков».

Второй тип включает в себя не только одинаковую цель коммуникации, как в первом случае, помимо этого отражая одну и ту же внеязыковую ситуацию. Здесь несопоставимые языковые единицы исходного текста и перевода фактически описывают одну и ту же ситуацию, указывают на одинаковую реальность. То есть конструкции «волосы без повреждений» на японском языке и «шикарные волосы» на русском языке приравниваются между собой.

3. Третий тип (эквивалентность на уровне сообщения):

Слоган: четвертый фильм из серии «Гарри Поттер».

クライマックスは、これから始まる
кураймаккусу ва, корэ кара хадзимару. «Difficult times lie ahead, Harry»;

«Впереди темные и страшные времена».

Перевод с данным типом эквивалентности сохраняет цель коммуникации, описывает ту же ситуацию и сохраняет общие представления, которые описывают данную ситуацию в оригинале. Однако ни использующиеся в переводе лексемы, ни синтаксическая структура не воссоздают синтаксической структуры и значений слов оригинала. Слово кураймаккусу (англ. climax – кульминация, высшая точка) является собирательным словом таких понятий как «difficult times» (с англ. – тяжелые времена) и «темные и страшные времена». Еще одна особенность оригинального текста сообщения на английском языке – обращение. Сама фраза «Difficult times lie ahead, Harry» (Впереди темные времена, Гарри) выполнена в форме обращения к главному герою, Гарри Поттеру, что не сохранилось при переводе на русский и японский язык.

4. Четвертый тип (эквивалентность на уровне структуры высказывания):

Слоган: M&M's («Эм-энд-эмс») – шоколадное драже, выпускаемое фирмой Mars LLC.

お口でとろけて、手にとけない おкути дэ торокэтэ, тэ ни токэнай;

«Тает во рту, а не в руке»;

Данный тип эквивалентности предполагает, что одновременно с тремя составляющими, сохранявшимися в третьем типе, будет воспроизведена значительная часть синтаксических структур оригинала в переводе. Другими

Қытай тілінде экономикалық мәтіндердің тағы да бір ерекшелігі қытай тіліне ғана тән тұрақты тіркестер-чэньюйдің 成语 қолдануы. Чэньюй бірнеше ғасырлардан бері құрылып келе жатқан фразеологиялық айналым. Алайда қазіргі таңда чэньюйлардың құрылымы аяқталмағандықтан, жаңалары да пайда болып жатыр. Чэньюйді кеңінен қолдану арқылы ойымызды нақты әрі дұрыс білдіруімізге болады. Чэньюйді аударудың қиындығы – чэньюйдің ауыспалы мағынасында кездесуі. Іскерлік қатынаста жиі қолданылатын сөздерге жатады: 货真价实 – бағасына сай сапа, 实事求是 – нақты шындық осындай және т.б. (Қазыбек, 2004: 252).

Кестеде қытай тілінен қазақ тіліне экономикалық мәтіндерді аудару барысында нақты көңіл бөлетін мәселелер мен ерекшеліктер көрсе-

тілген. Экономикалық дискурстың бар болуына байланысты, экономикалық мәтіндерді аудару өзіндік ерекшеліктер мен өзгешеліктері бар екенін айқындаймыз.

Қорытынды

Экономикалық, ресми-іскерлік мәтіндерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару аударма ісінің қиын түрі болып табылады. Аударманы орындау үшін кем дегенде бір қатар шарттарды орындау қажет: шетел тілін меңгеру; белгілі бір аумақтағы шет тіл лексикасын (терминология) білу; екі тілдік сөздіктерді қолдана білу. Экономикалық мәтіндерді оқу және аудару қабілеттілігіне ие болу үшін аударылатын мәтінге сараптама жасап болған соң ғана қазақ тілінде рәсімдеу керек.

В.Ф. Щичко, Г.И. Яковлев (В.Ф. Щичко, Г.Ю. Яковлев, 2012: 368) жолын қуа келе айтатынымыз, аударма барысындағы ең қиын әрі күрделі саты – сараптама жасау. Өйткені, қытай тіліндегі иероглифтік мәтіндерде барлық лексикалық бірліктер – сөздер, сөз тіркесі, зат есімдер, көмекші сөздер – иероглифпен бір сатыда жазылады, көп қателіктер осы иероглифтерді дұрыс бөлмегендіктен болады. Біздің ойымызша, экономикалық, ресми-іскерлік тақырыптағы мәтіндерді аудару үшін, қытай тіліндегі экономикалық мәтіннің синтаксистік құрылым ерекшеліктеріне сай лексика, грамматикасын толық меңгеру үшін экономика саласындағы құжаттарды оқып үйрену қажет.

Әдебиеттер

- 1 Васильева М.А. (2013) Официально-деловой стиль китайского языка. – М.: КАРО.
- 2 Гураль С.К., Тихонова Е.В. (2013) Организация процесса обучения устному последовательному переводу в свете синергетической теории: Язык и культура.
- 3 Комиссаров В.Н. (1990) Теория перевода (лингвистические аспекты). – М.: Высш. шк.
- 4 Қазыбек Г.Қ. (2004) Аударматануға кіріспе. – Алматы: Қазақ университеті.
- 5 Сәмитұлы Ж. (2005) Аударма теориясы және практикасы. – Алматы: Қазақ университеті.
- 6 Сысоев П.В. (2013). Направления и перспективы информатизации языкового образования: Высшее образование в России.
- 7 Сысоев П.В. (2013) Вики-технология в обучении иностранному языку: Язык и культура.
- 8 Сысоев П.В. (2014) Подкасты в обучении иностранному языку: Язык и культура.
- 9 Тарақов Ә. (2007) Аударма әлемі. – Алматы: Қазақ университеті.
- 10 Щичко В.Ф. (2004) Китайский язык. Теория и практика перевода: учеб. пособие. – М.: Восток-Запад.
- 11 Щичко В.Ф., Яковлев Г.Ю. (2012) Китайский язык. Полный курс перевода: учеб. – М.: Восточная книга.
- 12 中国新闻网. 博鳌亚洲论坛开幕式习近平发表主旨演讲(全文). 中国新闻, 2015. URL: <http://world.people.com.cn/n/2015/0328/c157278-26764252.html>
- 13 URL: <https://massaget.kz/forum/viewtopic.php?f=233&t=61200>

References

- 1 Vasil'eva M.A. (2013) Oficial'no-delovoi stil' kitaiskogo yazyka. M.:KARO [Official-business style of the Chinese language].
- 2 Gural' S.K., Tihonova E.V. (2013) Organizaciya processa obucheniya ustnomu posledovatel'nomu perevodu v svete synergeticheskoj teorii: Yazyk I kul'tura [The organization process of learning oral consecutive interpretation in the sphere of synergetic theory]

- 3 Komissarov V.N.(1990). Teoriya perevoda (lingvisticheskie aspekty). M.: Vysshaya shkola. [The theory of translation (linguistic aspects). M.: High School].
- 4 Kazybek G.K.(2004) Audarmatanuga kirispe. Almaty: Qazaq Universiteti [The introduction to the translation. Almaty: Kazakh University].
- 5 Samituly Zh.(2005) Audarma teoriasy zhane praktikasy. – Almaty: Qazaq Universiteti [The translation theory and practice. Almaty: Kazakh University].
- 6 Sysoyev P.V. (2013) Napravleniya i perspektivi informatizatsii yazykovogo obrazovaniya// Viss'ee obrazovanie v Rossii [The direction and prospect of the language education information].
- 7 Sysoyev P.V. (2013) Vicky-technologiya v obuchenii inostrannomu yaziku// Yazyk i kul'tura [Vicky-technology in the learning of foreign language].
- 8 Sysoyev P.V. (2014) Podkasty v obuchenii inostrannomu yaziku// Yazyk i kul'tura [The podcasts in the learning of foreign language].
- 9 Tarakov A. (2007) Audarma alemi.-Almaty alemi.-Almaty: Qazaq Universiteti [The world of translation Almaty: Kazakh University].
- 10 Schichko V.F.(2004) Kitayskii yazyk. Teoriya i praktika perevoda: ucheb.posobie. M.: Vostok-Zapad [The Chinese language. The translation theory and practice: manual. M.: East-West].
- 11 Schichko V.F., Yakovlev G.U.(2012) Kitaiskii yazyk. Polnyi kurs perevoda: ucheb. M.: Vostochnaya kniga [The Chinese language. The full course of translation: M.: East book].

Жумабаева А.А.

Р.Б. Сүлейменов атындағы шығыстану институты докторанты, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: zhaigerm@gmail.com

ЕЖЕЛГІ ТҮРІК ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ «МАХАББАТ» КОНЦЕПТІСІ

Ежелгі түріктердің мифтеріндегі «махаббат» концептісі. Мақалада ежелгі мифтердегі махаббат мәселесі әлемдік мифологиядағы бейнелермен салыстырыла қаралады. Түркі жұртының дүниетанымындағы тарихында махаббат мәселесі қарастырылды. Автор грек, қытай және түрік мифтеріндегі ұқсас сюжеттерді саралауға тырысқан. Түркі жұртының ой-толғамдар тарихында махаббат концептісі, өмірлік-философиялық призмадан қарауға болатындай мәнді құбылыс. Сондықтан махаббат концептісін ой-толғамдық объект бола отырып, практикалық мағыналы деңгейлермен тоғысады. Сонымен қатар, ежелгі әдебиетте кездесетін Тәңір-әке мен Ұмай-ана махаббаттан тысқары, өз мәселесіне, болмысына ғана алаңдаулы, дегенмен бұны ер адамдық және әйелдік бастамалар деп тануымызға болатын ұлы жобалар.

Түйін сөздер: махаббат, концепт, ой-толғам, сенім, Ұмай, Тәңір.

Zhumabayeva A.A.

PhD, R.B. Suleimenov institute of oriental studies, Kazakhstan, Almaty
e-mail: zhaigerm@gmail.com

The concept of “love” in the ancient Turkish world

The article deals with the concept of “love” in the myths of ancient Turks. Love in ancient myths is compared with its manifestations and in world mythology. In the history of the Turkic people, love is mentioned. The author tried to distinguish such stories from Greek, Chinese and Turkish myths. In the history of the Turkic people, the concept of love is a significant phenomenon that can be seen from the life philosophical prism. Therefore the concept of love unites practical semantic levels as an object of thinking. Moreover, Tengri, as the supreme deity and Umai An, are represented as the beginning of men and women. Which in mythology are as concerned about love as their creations. This indicates the importance of this feeling in the culture of the ancient Turks.

Key words: love, concept, thoughts, faith, Umay, Tanir.

Жумабаева А.А.

Докторант, Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: zhaigerm@gmail.com

Понятие «любовь» в древнетюркском мире

В статье рассматривается понятие «любовь» в мифах древних тюрков. Любовь в древних мифах сравнивается с ее проявлениями и в мировой мифологии. Автор пытался отличить подобные истории от греческих, китайских и турецких мифов. В истории тюркского народа понятие любви является значительным явлением, которое можно увидеть из жизненной философской призмы. Поэтому понятие любви объединяет практические смысловые уровни как объект мышления. Более того, Тенгри как высшее божество и Умай ана представлены как начало мужчин и женщин, которые в мифологии так же озабочены любовью, как и их творения. Что указывает на значимость данного чувства в культуре древних тюрков.

Ключевые слова: любовь, концепция, мысли, вера, Умай, Таныр.

Адам баласының ең қымбат қазынасы ақыл мен сана-сезім екені баршаға мәлім. Сол сана-сезімнің ішіндегі ең нәзік те құдыреттісі – махаббат сезімі. Әлем әдебиетіндегі ең шоқтығы биік шығармалар шыңы да осы ғашықтыққа арналған қымбат қазыналар. Ғашықтық сезім адам баласымен бірге жасап келеді, жасай береді де. Өйткені, екі адамның, яғни, жігіт пен қыздың арасындағы ғашықтық пен адал сүйіспеншілік қатынас бүкіл адамзат болмысының алтын діңгегі. Адам ата мен Хауа анадан бастап келе жатқан махаббат атты құдыретті күшке ешкім ұстаздық ете алмаса керек.

Бұл қасиетті сезімді көне заманда әр халық өздерінің ұғымына, дініне, дәуіріне сәйкес әр түрлі түсінген сияқты. Махаббат бүкіл әлемді ұйымдастырып тұрған бастапқы күш. Мәселен, ертедегі грек, Рим қолжазбаларында махаббат құдайлар кейпінде көрсетіліп, дүниенің бар кілті солардың қолында деп дәлелденеді.

Түркі жұртының дүниетанымындағы махаббат концептісі көркем шығарманың ғана нышаны емес, дүниетаным, дін, философия, эстетика салаларының өзекті мәселелері, бастау алатын кәусар бұлақ саналды. Түркі мұсылман теологиясында, діни әдебиетте, сондай-ақ шығыс поэзиясында да басты тақырып махаббат болды, көптеген өмір, болмыс құндылықтары, өмір мәні мәселелердің шешуін табар түйіні осы – махаббат категориясы еді.

Махаббат – философиялық категория қызметін атқарады. Бұл бойынша махаббат – ғаламның, адамзат жаралуының теологиялық себебі, оның рухани жетілуінің, эстетикалық ләззаттануының, этикалық ғибраттануының негізі. Махаббат – әрбір адамды бейтарап қалдырмайтын, адам өмірінің мәні мен маңызы, сырлы әлемі. Сондықтан махаббат жайлы әрбір адамның жеке көзқарасы, өзіндік ой-пікірі, түсінігі болуы және оның әр алуан болуы заңдылық. Махаббат әрбір адамның әлемдегі, қоғамдағы, отбасындағы өзінің орнын белгілеуге, өзін-өзі, ақиқатты, жаратылыстың сырын тануға мүмкіндік беретін маңызды таным-түйсігі. Сол себептен махаббаттың сипаты да түрліше. Мысалы, адам мен Құдай, ер мен әйел, ұстаз бен шәкірт, ата-ана мен бала, туыс арасындағы махаббат. Махаббаттың қай түрі болсын адамды ізгілікке, мейірімділікке, адалдыққа тәрбиелейді. Адамдардың басым көпшілігін толғандыратын да, көптеген шығармаларға өзек тақырып та – махаббат.

Қазақтың ғашықтық жырлары, лиро-эпикалық дастандары ғасырлар бойы ауыздан

ауызға тарап, халықтың рухани қазынасының ең інжу-маржандары санатында сақталып келді. Негізі Шығыстан келген Ләйлі-Мәжнүн, Жүсіп-Зылиқа тәрізді хиссалармен бірге өзіміздің төл топырағымызда туындаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» сияқты елдің өз тұрмысына, өз сана-сезімімізге етене жақын дастандар да халық жадында мықтап орнықты. Сонымен қатар, сопылық мазмұнындағы дастандар мен хикметтерді қалам ұстап жазған философ-идеалист зікір айтып, Аллаға мадақ айтқан Қожа Ахмед Яссауидің, Ж. Баласағұнның, Ахмед Йүгінекидің, Махмуд Қашқаридің шығармаларын кездестіреміз. Бұл дәстүрдің жазба әдебиетімізде жоғары деңгейде көркемдік пен жалғастық тапқаны белгілі.

Көне түркі дәуірден желі тартып мифологияларда оқиға негізі болған махаббат тақырыбы, ғашықтық сарын, оның эстетикалық әсерін, тәрбиелік мәнін, жан толқытар, көңілді бауарар тылсым қасиетін ғылыми саралау бүгінгі күндегі кезек күттірмес мәселе деп білеміз.

«Махаббат» концептісі барлық мәдениеттер үшін өзекті болып табылады, себебі ол кез келген мәдениет пен этностағы тұлғаның эмоцияларымен байланысты болады, яғни аталған халықтың әлемінің мәдени бейнесі туралы түсінік береді. Бүгінгі күні, махаббаттың алатын орны мен мәні ерекше.

Махаббат – мәдениеттің тіректі концептілерінің бірі болып есептеледі. Негізгі эмоционалды концептілердің бірі ретінде қарастырылады. Махаббат – адамның өзіне, армандарына, идеяларына, қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстарына, Құдайға деген сезімдерін, адамға адал сезімдерін жеке басынан өткізуді қамтиды.

Махаббатты былай түсіндіру, өзінің құрамына оның барлық түрлерін қамтиды. Мысалы: өмірге, әйелге немесе ер адамға, балаларға, ата-аналарға, өзіне, ақшаға, атақ-даңққа, билікке, өнерге, ғылымға, Отанға, Құдайға және т.б., яғни бірнәрсеге терең сезіммен қарау, ыстық жүрек қалауының сезімі, ішкі ұмтылыс, бейімділік, бірнәрсеге талпыну.

Концептінің мәдени категориясына ар, ұят, махаббат, жан, тән, ерлік, мәрттік, кеңшілдік т.б. концептілерді жатқызуға болады. Аталған концептілер бір-бірімен байланыса келе концептілік өрісті құрайды. Концептілік өріске «махаббат» лексемасы бар образды сөз оралымдарына қатысты тірек ұғымдар аталған мәдени концептілердің бірден-бір элементі ретінде танылады. Бір ғана «махаббат» концептісі арқылы бүтін бір этностың өзіне тән, өзге ұлттардан ерекше болмыс бі-

тімін аңғаруға болады. Түркі халқы «махаббат» деген инсандық қасиетті ең жоғарғы адамдық қасиеттерге жатқызады. «Махаббат» концептісі адамның азаматтық және рухани қасиетін сақтау арқылы сүйіспеншілік, ғышықтық, тектілік, әсемдік, адамгершілік, дегдарлық, мәрттік, т.б. әлеуметтік мәнділігі жоғары логикалық модельді білдіретін концепт жасауға құрылымдық элемент ретінде қатысады (Ғабитов, 2003:45).

Тілдің когнитивтік кеңістігінде «махаббат» концептісі әр түрлі тілдік бірліктер арқылы беріледі. Солардың ішінде осы концептіні көріністеуде түркі жазба ескерткіштеріндегі алатын орны ерекше, себебі олар махаббаттың әр түрлі қыры мен сырын сипаттауда қолданылады. Адамның әр қилы махаббат сезімін негізге ала отырып, түркі ескерткіштерді танымдық-прагматикалық тұрғыдан талданады.

Түркілік діни дүниетанымдардың бірі – өмір мен тіршіліктің мағынасы жәннатта өмір сүру, осындай ойлау мен «махаббат» концептісін талқылаудағы, оның құрылымын ашудағы, махаббат ұғымын сараптаудағы сүйіспеншілік ой-толғамдарға жүгіне отырып, махаббат процесінің тарихи-генетикалық бастауларын ұсына отырып, «махаббаттың ашылуы», «махаббаттың бастауы», «махаббатқа дейінгілер», «алғымахаббат» және т.б. түсініктердің мәнін ұғынған сыңайлымыз. Яғни, түркі дүниетанымында махаббат концептісі «басталуының» өзі аса маңызды қоғамдық-тарихи, мәдени-әлеуметтік сипат алатын, өмірлік тәжірибе сынағынан өткізілетін, өткеннің идеалдарын бүгін мен ертеңге арнайтындай тарихи жадыда сақтайтын, менталитет бойына жалғастырады (Токсанбаева, 2009: 65).

Өмірдің өзінен көшірілген ауызша мұраларда да махаббат тұрмысмәнділік сипатқа ие екендігін көруімізге болады. Себебі түркі шығармаларының дүниетанымы қашанда алдымен сезім толқулары мен ынтызарлықтарын бейнелейтін түрі. Осы махаббаттық дүниетанымның заңды жалғасы түркілік дәуірдегі сүйіспеншілік философиясына айналатыны сөзсіз.

Түркі жазба тарихындағы көркем туындылардың бәрі де өзінің түп төркіні халық ауыз әдебиетінен нәр алып, дәстүрлік жалғастық табады. Бүгінгі таңдағы биік сатыға көтерілген, әлем әдебиетінің алтын қорына қосылған іргелі туындылары бар түркі әдебиетіндегі алуан тақырыптар, сан түрлі сарындар, өлмес идеялар, өміршең мұраттардың қай-қайсысы да о баста ауыз әдебиетінде, оның ішінде мифтерден, поэзия, жыр, дастандар саласында көрініс тапқан,

дәстүрлік тұрғыдан бұрынғыдан жалғастық тауып, мол арна тартқан. Мифологиялық жазба әдебиетінде де ең жоғары өркендеу дәрежесіне жетіп, дүниежүзілік тарихи маңызға ие болған. Түркі дүниетанымындағы үлкен бір саласы болып табылатын мифтердегі суреттелетін ғашықтық сарыны – өзінше бір төбе. Бұл үлгілердің эстетикалық сипаты мол болып отырған, онда әсемдік ойдан жырақ сұлулықтан тыс дүние жоқ. Бұлар халықтық ой сананың туындысы ретінде үнемі эстетикалық оймен терең астасып жататын танымдық мәні.

Миф бойынша түрік дүниетанымындағы махаббат ұғымын зерделеу тарихи-философиялық ой таразысын дәуірлер тұрғысынан сараптап алуды қажет етеді. Себебі көптүрлі ғылыми-философиялық сала таралымдарының тамырларының бірі осы мифтерден бастау алады. Көне түрік махаббатты терең эмоциямен, өміршеңдігімен сүйенілген толғаныстармен, түйсінген. Бұнда адам мен әлемді байланыстыратын: олардың үйлесімділігі, адамды ғарыштың шағын қайталанған үлгісі деп ұғынатын ғарыштық түсінік, адам мен әлемнің генетикалық-туыстық байланысы тұлғаның әлемдегі орнын айқындайтын идеяларын парасаттылықпен ашу – түріктің дүниетанымындағы махаббат концептісін сараптаудың бастапқы ой түрткісі екендігі даусыз.

Көне дәуір түрік ғарыштық мифтердің бірінде махаббат концептісі мынадай: «Үркер» аталатын шоғыр жұлдыздың қызын «Жетіқарақшы» аталатын шоғыр жұлдыздар қоршай аңдып, олардан қашқан Үркер аспан бойында жылжып қашып жүреді-мыс. «Шолпан» да қыз. Ол да қашып жүріп, жылына бір рет Айдың бауырына паналайды. Шолпанның сенімді сақ күзетшісі – Темірқазық». Ғасырлар бойғы сақталып халық жадында бұлжымастан орын тепкен осы мифтік картинаны образдар мен символдарды ашу бойынша зерделесек, бұның логикалық мәні – махаббат сәтсіздігінің алдын-алудың, сәттілікке дайындалудың, өзінің өміршеңдігінің мәңгілік картинасын беретін этикалық-ғибраттық ереже тәріздес. Мәселен, өзінің қол жеткізілмейтіндік асқақтығы арқылы сақталады. «Үркер-Қыз» мәңгілік шынайы махаббатқа ғана дайын, өзін-өзі табиғи-әлеуметтік түрде ашудың сәтін күтуде. Өз рухын сақтау әрекетінде символдық түрде ғарыштық кеңістіктегі қозғалысы арқылы – психологиялық-рухани кеңістіктегі адами кейіптердегілерді елестетіп ескертеді. Бұл Аспан әлемінің мәңгілік тұрақтылығына сүйенген аналогия. Себебі, мәңгі бар болатын, бұл-

жымай сақталатын жоғарғы әлем және ондағы процестер мызғымастықтың жердегі адам үшін кепілі болып табылады. Ал «Жетіқарақшы» сәтсіздік пен нәтижесіздіктің мүмкіндігін беретін символ, «қарақшы-адамдардың» прототипі, арғы образдары.

Ежелгі түрік сахарасындағы ізгілік пен зұлымдық дилеммасына сүйенген зорастризмдік түсінік жағымдылық пен жағымсыздық қасиеттерін де осы ғарыштық мифтер арқылы махаббат концептісінде ұсынып өткен. Мысалы: жоғарыда айтылғандай, «Шолпанның сенімді сақ күзетшісі – Темірқазық» болса, «Шолпан» үшін сенімділік, еркіндік орнап, тандау ашылады. Бұнда өзін-өзі толық дәрежесінде ашу үшін шарт жасалады – ол ситуация да жерлік-тұрмыстық үшін реалды мүмкіндік. Бұл жерде «Үркер» мен Шолпан бір ұғым, жалпылық жобалар (Токсанбаева, 2009: 102).

Яғни, ізгілік пен зұлымдық қайшылығы іске асқан түрінде емес, мүмкіндік түрінде ұсынылады. Болмыспен бетпе-бет кездесуге, «шекаралық жағдайға» дайындайды. – «Үркер» мен «Шолпан» кейпіндегі түрік қыздарының тұрмыс пен әлеуметтік болмыс қайшылығындағы кездесуі мүмкін оқиғаларды ескертеді. Демек, мәселен көне грециядағы мифтерде «қыздардың панасы» – Хаос болса, қазақ дүниетанымында – «Шолпан» жұлдызы және оның қозғалысы жерлік адамдарды сақтандыратын, ескерту арқылы қамқорлайтын әлемдік мәңгілік сарын болып табылады. Яғни, өзін ғарышқа орналастыру мен ғарыштан өзін танудың ғарыштық дүниетанымы махаббат мәселесіне осылай ойысады деп тұжырымдауымызға болады (Токсанбаева, 2009). Осы ғарыштағы «Шолпанның» тағдыры жердегі Шолпанның өмірі екендігін үнемі ескеріп отыру қажет екендігін ұсынған.

Мұндай мифтік таным-түйсіктің бастауы батыстық ой оралымы бойынша – ойлаудағы жан азабының жеңілденуі мызғымас сенімділіктің көзі Көк Тәңірлік аспан әлеміне «алаңдау» мен аспан алдындағы дәрменсіздігін сезінуі: Себебі танымдық дәстүрі бойынша жердегі сәтсіз махаббат шарттары, қыз тағдыры мен оның үрейі сияқты өмірбаяндық оқиғаларды нақты тұлғаның болмысын аңыз түрінде жеткізу, оны аспан денелері қозғалысынан салыстырып таба білу – күйзелген сана мен психология үшін жеңілденетін, мәселе шешілетіндей болатын ой-пікірлерді тудырады.

Егер шығыстық түркілік ойы бойынша талдасак, «Әлем мен адамның», өзі және әлемнің бетпе-бет екендігін сезінуінің, оған деген эмоционалды қатынасындағы махаббат концеп-

тісін ашуға тырысуы, келер ұрпаққа бағытталған түркі жұртының бақилық өсиеттері. Бұл әлеммен тікелей байланыс, әлдебір дәнекер немесе жолдау түрінде емес, тура көшіру бойынша жүзеге асырылғандығы арқылы анықталады. Ал өзінің көңіл-сезімін әлемге әйгілеу мен көкке «шағымдану» – оған деген эмоционалды қатынасты көрсетеді. Осы құбылыстардың нәтижесі жас ұрпақтар үшін үлгі алатындай маңызды болып табылады, сүйіспеншілік мәселесіндегі практикалық қажеттілік ретінде тұжырымдалады.

Халқымыздың көнеден жалғасқан діни сенімдерінің бірі – Тәңіршілік, яғни көкке табыну мен оның жұбы болып есептелетін Жерді құрмет тұту Ұмай анаға сыйынудың да махаббаттық солғын дүниетанымы екендігін аңғаруға болады. Осы түріктерінің ежелгі дүниетанымындағы көне мифологиядағы махаббат концептісінде «Аспан мен жердің» жұбы да дәстүрлі әлемдік классикадағы ой иірімдеріне сәйкес: «Құдай Ана жермен (кейде – теңізбен), (жұбы – аспанмен) ...» (Қасқабасов, 2008) делінсе немесе қытайлық философиядағы Инь мен Ян субстанциясы бойынша құрылған әйелдік-ерлік бастамалар, олардың өзара әрекеттесуі, одан туындайтын әлемдік процестер – махаббаттық қарама-қарсы құрылымдарды меңзейді. Себебі әлемдік зерттеушілер оны былай тұжырымдайды: «Жұптардың өзара әрекеті шынайылықты даостық елестетудің негізгі тақырыбы болғаны таң қалдырмайды. Инь-Ян дуалистік концепциясы ерлік және әйелдік бастамалардың әрекеттесуін қамтамасыз ететін энергияны бейнеледі» (Қасқабасов, 2008). Сондықтан Көк Тәңірі – ер адамдық, әкелік сипатта, Ұмай ана – жерлік, әйелдік сипаттағы, Табиғат – ана, Жер – ана сәйкестендірулері бойынша. Кейіннен бұндай түсініктер: «Жоғарыда Көк Тәңірі, Төменде Қара Жер» түсінігінен «Көк Тәңірі – Ұмай ана» рухани мәдениетке өткен. Бірақ бұл байырғы дүниетанымда Аспан мен Жердің сакральды некесі, Инь мен Ян тәрізді өзара әрекеттесу қатынастары айтылмайды, себебі Көк Тәңірі әкелік болғанмен аса антроморфты емес, жерлік қажеттіліктерді қажетсінбейді, ал Ұмай ана – адамзаттың әйел бейнелі арғы пана – анасы, Жердің рухы. Бұл көне Зорастризмдік түсініктерден бастау алатын сабақтастық тәрізді.

Бұнда Аспан билігі мен Жер билігі бәсекелес немесе Көк Тәңірі мен Ұмай ана қарама-қарсы бастама де емес, Аспанның тәңірісі – Жердің киесі болып тылсым ғажайып қатынасты береді, әрі екеуі органикалық бірлікті тұжырымдайды (Токсанбаева, 2009). Бұл тұтастықты Ұмай

Тәңірінің құрамдас бөлігі немесе Жердегі өкілі. Себебі Тәңірі тұтас Көк, яғни әлем, ал Жер әлемнің бөлшегі екендігі түсінікті. Ұмай мен Тәңірінің арасындағы сезімдік қатынас алғыдүниетаным, ойлауға дейінгі тылсымдық, сондықтан түркілік мифологиялық ойлау мен діни сенімдер бұл «жақтарды» персоналдандыру қажеттігін өзектендірмеген: ұмтылу, құмарлық, тілек процестері қарастырылмаған. Олар махаббаттың айқын екі жағы немесе арнайы қарсы қойылған адам кейіпті тұлға, сүйіспеншіліктің символдық субъектілері бола алмайды. Бұл да ежелгі түркі ұлағатының түп махаббат танымының даналық бастаулар. Рухтар мен құдайларды әрекеттестіре бейнелеу, адами құмарлықтарды оларға таңу халқымыздың архетипіне тән емес. Осыған байланысты көне Грециялық мифтерде әйел мен ер құдайлардың адамша қатынастары олардың Рухтық-құдайлық деңгейлерін шығыстық менталитет бойынша көтере қоймайды. Түркілік осы жұпты адамдандыруға жақындату, адамдық белгілерді оларға таңу логикасы халқымыздың дүниетанымына сәйкес емес екендігін түсінеміз.

Сонымен қатар, Тәңір-әке мен Ұмай-ана махаббаттан тысқары, өз мәселесіне, болмысына ғана алаңдаулы, дегенмен бұны ер адамдық және әйелдік бастамалар деп тануымызға болатын ұлы жобалар.

Түркі дүниетанымында махаббат концептісі көркем шығарманың ғана нышаны емес, дүниетаным, дін, философия, эстетика салаларының өзекті мәселелері бастау алатын кәусәр бұлақ саналды. Түркі дүниетанымында, діни әдебиетте, сондай-ақ шығыс поэзиясында да басты тақырып махаббат болды, көптеген өмір, болмыс құндылықтары, өмір мәні мәселелердің шешуін табар түйіні осы махаббат категориясы еді.

Көркем шығармаларда адам бейнесі, оның әр түрлі мінез-сипаты мен көңіл-күйінің суреттелуі әр дәуірде өз ерекшеліктерімен көрініп отырған. Соның ішінде тамырын үзбей қазірге дейін жырланып келе жатқаны – «махаббат» тақырыбы. Оның мифтік, фольклор

мұраларынан бастап, бүгінге дейінгі көлемді өміршеңдігін көрсетеді. Біздің талдауға өзек еткен көркем туындыларымыз да осы «махаббат» сезімінің арқауының әлі де жалғаса беретінін дәлелдейді.

Түркілердің мифтік, діни дүниетанымдарын, түркілік кезеңдегі рухани ой-пікірдің дамуын, түркі дүниетанымдығын – осы махаббаттық дүниетаным ретінде пайымдау басшылыққа алынды. Ежелгі ұлттық дүниетаным бойынша – тәңіршілдік: Көкке табыну, Ұмай анаға бас ию; жерді құрмет тұту, одан кейінгі шаманизмдік әлемді түйсіну, зорастризмдік тұжырымдамалар арқылы сүйіспеншіліктің символдық-ишаралық тұспалдарының мағынасын ашып көрсеттік. Яғни, алғашқы мифтегі өзін Аспанға ұсынған Жердегі сүйіспеншіліктің алғы дәстүрлерін бағамдай келе, Шолпан мен Үркерге таңылған сезімдік қатынастарының нышандары ашылып, Күн мен Айға қатысты мифтік сюжеттер мен мифтік картиналардың көріністерінің логикалық-мағыналық мәнін түсіндік. Көк Тәңірі мен Ұмай ана жұптасудың алғашқы көмескіленген ер мен әйел бейнесіндегі тұтастығын махаббаттық тұрғысы.

Қорыта айтқанда, махаббат туралы аңыздар мен мифтер ежелден бастау алады. Көне замандағы түрік мифологиясында әйелдерді жеп, демеп жүретін аналар символдық бейнеге көтерілген, олар өмір сыйлаушы, әрі ошақтың киесі ретінде әспеттеледі. Сонымен қатар, Тәңірге сыйыну, сүйіспеншілігі қалыптасқанын білеміз. Түркілік дүниетанымында нақтылық пен реалдылыққа, тұрмыс-мәнділік пен ғұмыр кешудің негізгі мағынасына айналған махаббаттың шынайы болмысы. Бұндағы – махаббатқа адалдық пен серт, өзін-өзі ашу мен таңу және өзін әлемге әйгілейтін махаббаттық сезімді таңу. Сонымен қатар, түркілік рухтың махаббат рухында қалай көрініс беретініне аса мән беріп, осы жерден ғашықтық пен сезімділіктің ең биік асқақ құндылықтылық жүйесін таныдық. Демек, махаббаттық дүниетанымның әрбір сәтін тарихи-әлеуметтік, мәдени-философиялық түрде құрылған рухани кеңістік көздері арқылы дәлелдеуге қадам жасадық.

Әдебиеттер

1. Ғабитов Т. Мәдениеттану. – Алматы: «Қаржы-қаражат», 2003. – 408 б.
2. Токсанбаева Г. Қазақ дүниетанымындағы махаббат феномені. – Атырау, 2009.
3. Қасқабасов С. Елзерде: әр жылғы зерттеулер. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 504 б.
4. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1-том. А-Ә. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 1998.

- 5 Мифы древней Индии. – Москва: Наука, 1975. – 238 с.
- 6 Жанайдаров О. Ежелгі қазақ мифтері. – Алматы: «Аруна» баспасы, 2008. – 256 б.

References

- 1 Gabitov T. Madiniettanu. – Almaty: Karji-karajat, 2003. – 408 b.
- 2 Toksanbayeva G. Kazak duniетanimindagi mahabbat fenomeni. Atyrau, 2009
- 3 Kaskabasov S. Elzerde: ar jilgi zerteuler. – Almaty: Zhibek zholy, 2008. – 504 b.
- 4 Kazakhstan. Ulttik enciklopediya. 1-tom. A-Z. – Almaty: “Kazak enciklopediyasinin” bas redakciyasi, 1998.
- 5 Mifi drevney Indii. – Moskva: Nauka, 1975. – 238 s.
- 6 Zhanaydarov O. Ezhelgi Kazak mifteri. – Almaty: “Aruna” baspasi, 2008. – 256 b.

Zhussupova S.

Master Degree student of Al-Farabi Kazakh National University,
the Faculty of Oriental Studies, Kazakhstan, Almaty, e-mail: sata_94@bk.ru

THE OVERVIEW ON THE WORKS PUBLISHED BY MUNSHI NAVAL KISHORE'S PUBLISHING HOUSE IN THE NATIONAL LIBRARY IN ALMATY

In the article I am going to make the review on the works published by Munshi Naval Kishore's publishing house in Persian who was a popular publisher, writer and printer founded the popular publishing house named 'Newal Kishore Press and Book Depot' in Laknow, India. Thanks to them, more than 5,000 works in Urdu, Hindi, the Arab and Persian languages have been published. The purpose of this research consists of making the analysis of the publications printed under Munshi Naval Kishore's management, which have reached the territory of Kazakhstan since the 19th and remained in National library of Almaty by today. Namely, I would like to investigate the present condition of these books, how they have remained up to this moment, how their pages, covers, font and registration do look. Besides, I want to show what role except the religious and Sufi works which had a powerful popularity that period anyway, was played by the literature fiction works in the territory of Kazakhstan and how much they were demanded at that time which reflects a practical importance. On the basis of the conducted research, the author comes to light as in all this process the leading role was played by the founder of this publishing house – Munshi Naval Kishore, thanks to whom not only India, but also the whole world was able to get acquainted with the great Persian poets and their works which has made a huge contribution to the development and spiritual education of our country. Within the research, the theoretical method of research and analysis have been applied.

Key words: Publishing house, Munshi Naval Kishore, overview, Indian, printing, publishing, Persian.

Жусупова С.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, шығыстану факультеті
1 курс магистранты, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: sata_94@bk.ru

Алматы қаласының ұлттық кітапханасындағы Мунши Навал Кишордың баспасымен жарияланған еңбектеріне шолу

Берілген мақалада парсы тілінде жазылған еңбектерге шолу жасалған. Бұл еңбектер Мунши Навал Кишор баспасында жарияланған. Мунши Навал – танымал публицист, аудармашы, жазушы және Үндістанның қаласы Лакноуда әлемге әйгілі «Newal Kishore Press and Book Depot» баспа үйінің негізін қалаған. Аталмыш баспа үйінде урду, хинди, араб және парсы тілдерінде 5.000-нан астам еңбектер жарияланған. Жұмыстың мақсаты – Мунши Навалдың басқаруымен 19-ғасырларда жарияланып, Қазақстан шекараларына дейін жетіп, күнімізге дейін Алматы қаласының Ұлттық кітапханасында сақталған еңбектеріне талдау жасау. Нақтылай айтқанда, осы кітаптардың қазіргі халін, қалай сақталғанын, беттерінің қалай безендірілгенін зерттегім келеді. Сонымен қатар, ықпалы болған діни және сопылық шығармалардан тыс көркем шығармалардың Қазақстан аумағына қандай ықпалының болғанын және еліміз үшін қандай рөл ойнағанын көрсеткім келеді. Бұл талдау арқылы парсы тілінде жазылған шығармаларды жариялап, тек Үндістанға емес, бүкіл әлемге, соның ішінде Қазақстанға да парсы ақындары мен олардың шығармашылығымен танытқан Мунши Навал Кишордың орны бөлек екені анықталады. Зерттеу барысында теориялық әдіс және анализ (саралау) қолданды.

Түйін сөздер: баспа үйі, Мунши Навал Кишор, шолу, үнді, баспа, жариялау, парсы.

Жусупова С.

магистрантка 1 курса Казахского национального университета им. аль-Фараби,
факультета востоковедения, Казахстан, г. Алматы, e-mail: sata_94@bk.ru

Обзор работ, опубликованных издательством Мунши Наваля Кишора, в Национальной библиотеке г. Алматы

В данной статье сделан обзор на произведения, написанные на персидском языке и опубликованные издательством Мунши Наваля Кишора, являвшимся популярным

публицистом, переводчиком и писателем и основавшим популярный издательский дом 'Newal Kishore Press and Book Depot' в Лакноу, Индия, которые в свою очередь опубликовали более чем 5,000 работ на урду, хинди, арабском и персидском языках. Цель данного исследования – произвести анализ публикаций, изданных под его руководством в тот период, дошедших до Казахстана и еще с 19 века и по сей день сохранившихся в Национальной библиотеке г. Алматы. А именно я хочу изучить нынешнее состояние этих книг, в каком виде они сохранились по сию пору, как выглядят их страницы, обложки, шрифт и оформление. Помимо этого, мне хотелось бы показать, какую роль помимо религиозных и суфийских произведений, имевших само собой весомую популярность в те времена, играли именно художественные произведения на территории Казахстана и насколько они были востребованы в то время, что отражает практическую значимость для нашей страны. На основе проведенного исследования автором выявляется, как во всем этом процессе ведущую роль сыграл основатель этого издательства – Мунши Навал Кишор, благодаря которому не только Индия, но и весь мир смогли познакомиться с великими персидскими поэтами и их произведениями, что внесло огромный вклад в развитие и духовное просвещение и нашей страны. В ходе исследования были применены теоретический метод исследования и анализ.

Ключевые слова: Издательский дом, Мунши Навал Кишор, обзор, индийский, издательство, публикация, персидский.

Introduction

Munshi Naval Kishore is a great printer, publisher and writer, who based and founded the 'Newal Kishore Press and Book Depot' at [Lucknow](#) and published more than 5,000 titles in Urdu, Arabic, Persian and Hindi. Another aspect of this great man's personality that seems even odder is that despite being a Hindu, Munshi Naval Kishore took a special interest and special care in the printing and publishing of the Holy Quran and Hadith (Illinois university, 1993: 14).

The printing and publishing for Munshi Naval Kishore were the long-cherished dreams. He knew that thousands of rare Indian, Persian and Arabic manuscripts had been taken hold off by the British and many of them ended up at the European libraries but still hundreds of them were there and he feared that if not taken care of they would be ruined. He began buying the manuscripts and asked scholars to edit them. It did not only preserved hundreds of rare texts, but also opened opportunities for the scholars who had been rendered jobless after the fall of Oudh (Avadh) (Illinois university, 1993: 18).

Through his sole efforts, hundreds of such rare books and manuscripts were able to see light of the day that eventually played a great role in joining the dots of literary history. He has procured some extremely rare manuscripts of Sanskrit and published them. His contribution for the promotion of Persian literature and language is unforgettable

as he did not only got hundreds of Persian books published, but also got a large number of the scientific and academic books translated into Hindi and published them at a time when there was not much Hindi able to boast of.

In the article, I am going to provide the overview on the works written in Persian language and published in the books by Munshi Naval Kishore's publishing house which were popular in the territory of Kazakhstan since the 19th century and have remained in the National library in Almaty.

Materials and Methods

Thus, I want to carry out the analysis of their publication from that time and their current condition as they have remained up to this moment. Particularly, how their pages, covers, handwriting, font and appearance do look today, that is every need of the simple reader foreseen by Munshi Naval Kishore. Additionally, I would like to show a role of the literature works besides religious and Sufi ones in the territory of Kazakhstan and how popular and demanded they were at that time. And I also try to present how significant the leading role in all this process was played by the founder of this publishing house - Munshi Naval Kishore.

Results and Discussion

Nowadays, it should call Munshi Naval Kishore as a very good businessman because in the 19th century precisely he has been able to foresee and estimate all readers' needs of not only that

time, but also of the future generation (Orient Blackswan, 2009: 45). He has been able to expect and predict all the compatriots' willing and at the same time the outside public's demand in advance. He has become successful in the publication of a huge number of books because he had preferred his books would be republished from year to year. He has clearly understood that the people should and need finally to wake up from ignorance and begin to develop themselves. Otherwise they were expected to be break own backs because only ignorance generates all troubles of the world. He has aspired to level up people's potential, thereby bringing the development to the world in general.

So, his purpose was the improvement of living level of his nation and all mankind consequently. For realizing this goal, Munshi Naval Kishore created the publishing house which has become the most successful one among other lithographic publishing houses in the territory of Central Asia. Initially he has understood that it is necessary to start with the most useful literature works to untwist his idea and expand the audience more. And as one of the dominating languages of Central Asia at that time were Persian and Arabic, which were considered as the languages of religion, science and education, therefore he has actively been starting to promote the literature works in these two languages. So it was reasonable to begin with the sacred book of Islam – the Qoran and many works of the great Iranian poets, such as Firdausi, Saadi Shirazi, Nizami Ganjavi and many other ones.

Munshi Naval Kishore was a good analyst, so he clearly knew that for achieving a success, he should to create a very strong team which will help him to reach his purposes. Thus, he started especially to admire a lot of scholars and workers, hire the professional and high-educated calligraphers, story-tellers, copyists, writers and publicists in the publishing house. Thanks to them a large number of Persian books, many of them rare, were brought back to life. He also had in mind one fact: the manuscripts are a complex work which requires a huge inventory of efforts and time and they couldn't make the publication of books in several copies, therefore in this case a lithograph had the invaluable importance for that period.

Kazakhstan did not also become an exception in Munshi Naval Kishore's contribution to its development, though by indirectly way. So today practically 35 books published by him, have saved in the territory of Kazakhstan, most of which are

literary genre. In the National library of Almaty only 8 books of Munshi Naval Kishore's publishing house have remained, and I tried to analyze them in this report.

It is worth mentioning that these books were popular and demanded in the territory of Kazakhstan, and later the comments to them, also a result of the publishing house of Munshi Naval Kishore, became interesting to our readers in spite of the fact that Farsi wasn't a native and even more official language here. But the sharp relevance and later the active use of his published books in the territory of Kazakhstan prove that Kazakhs have been educated. And it becomes clear because one of the most popular Persian literary works such as "Shahnameh" and "Gulistan", and other Persian works were read in the original in each house and madrasa. And Munshi Naval Kishore, foreseeing all these nuances in the necessity of education and awareness of many such people outside his homeland, understood that his books should be republished every year.

Munshi Naval Kishore also perfectly knew and understood that the majority of these works written in the Middle Ages are hardly readable and furthermore clear to understand all the main subject. And the volume of the original work was also huge. Therefore, he together with the team tried to simplify and make the text adapted and comprehensible for the reader. So he reduced the size of originals texts, created comments to them and explained the main essence by more simplified language, thanks to which the audience was been informed with many literature works of great writers of the Middle Ages and the text of the Koran.

Munshi Naval Kishore has considered the needs in development not only of bulk, but also children's interests as well who are actually the future of every nation and its culture. So knowing tastes of the population layers, he didn't forget the age of the audience, especially school students. On this occasion, he has published a row of some kind of "allsorts" – the collections of literary works for school students where he has collected some fragments of the popular literary works which could be interesting to this age, and republished in the simplified language.

It would be wrong whether I do not to tell that Munshi Naval Kishore tried to keep and transfer the maximum quantity of the published books to the future. He carefully cared about the quality of

books, that's why he tried to publish them only with good stuff to leave an unforgettable mark for the future generation. Thus, many of books published by Munshi Naval Kishore, have saved till today, in spite of the hard time in the history of Kazakhstan, like the period in the Soviet Union.

Therefore, by having worked with the originals of the books published by Munshi Naval Kishore's publishing house, I have made the survey analysis of the following works:

1. قصه شاهزاده بهرام و ملکه گل اندام

The book was published two times: the first one - in 1902 in Lucknow, and the period of the edition of the second one is unknown, but in the same place (Lucknow, 1902).

The first book consists of 146 pages, another one – only 48, because is brought in the more simplified language in comparison with the first one.

They are just those two books "allsorts" where a number of fairy tales of the "The tales of Shahzada Bakhram and Gulandam" is collected which have actively extended to the territories of the countries in the East.

The work of readers is noticeable in the first book: some notes are adduced on the pages, the translations of some words and strokes are given in the fields. It means that this book had actively popularity.

Both of books are issued very accurately: the accurate font is observed, the clear split of lines is noticeable between the entries of the poem. The main poem is framed that proves the high level of a lithograph which has already reached the professionalism by its designers.

The pages are designated on the basis of modern books: in a corner of each page the name of the book from above is specified. The name of each chapter is separated from the main poem, also issued in the separate page with patterns, lines and flowers.

The new paragraph in each book is beautifully decorated with the ornaments. They indicate that the authors have considered the esthetic needs of the readers.

Each chapter is numbered anew.

The second book differs from the first one by the fact of the lack of three fairy tales in it: "Adilhan and three dervishes", "Cat and mouse" and "Dilda and Mukhtar's fairy tale"; while the first book consists of 49 fairy tales.

2. شیخ نظامی گنجوی – مخزن اسرار

The book was published in 1872 in Kanpur, and it is not specified by whom it was issued (Kanpur, 1872).

It contains 212 pages. The work is provided with comments, the poem is framed in the columns, and the comments are specified around a frame according to all page.

Accuracy in the appearance is noticeable: the font is given by the increased Indian nastaliq, followed by accurate lines and contours, the numbering of comments is also given. Pages aren't designated.

At the beginning of the book the work is followed by a greeting with the name of God and prayerful words from above.

Beautiful peculiar composition is visible, which also means that the author had the good imagination for satisfying the esthetic needs of the reader.

3. محمد مجد الدین خوافی – خارستان

The book was published in 1897 in Kanpur, and it is not specified by whom it was issued (Kanpur, 1897).

It contains 210 pages. The main poem is framed in the columns. The careful appearance is visible: the font is given by the increased Indian nastaliq and followed by a separate table of contents. The name of each chapter is also provided on the separate page with separately issued lines, flowers and patterns.

The contents are given accurately. The name of the head is published in each separate big column, where there are the names of poems from below in small columns with the numbering of pages. The poem is followed by accurate lines and contours, the numbering of comments is also given. Pages aren't designated.

4. ابو المجد مجد الدین حکیم سنائی غزنوی – حدیقه حکیم سنائی

The book was published in 1878 in Lucknow and arranged by Shah Mahomed Aziz al – Hassan (Lucknow, 1878).

It contains 249 pages. Very accurate composition is observed: the font is given by the Indian nastaliq, followed by thick headings for drawing attention and numbering of pages. The name of the book is also specified from above in a corner of the page. The content for the simplification of search of heads is given at the end of book. The author divided the book into volumes and highlighted the titles with the thick font. In the original the poem was arranged in 2 columns, whereas in Munshi Naval Kishore's book it is

allocated in 4, in addition to the links attached behind columns.

At the beginning of the book some kind of announcement with the list of the books published by Munshi Naval Kishore's publishing house is provided for the simplification of searches of the reader. That is the contents of many ready published books - some kind of advertisement for the buying these books.

It is arranged and rewritten by more adapted content for the reader.

The work is visible on it as the records on pages are noticeable.

The buyer of this book added some notes on the 1st page in 13.10.1882 after the book seal and issue. According to the notes, it is obvious that the buyer was well-informed with the book contents because he specified the reason of searching and expecting of its public. It means that the publishing house was interested on the necessity of public. The buyer also specified that he knew the author.

شیخ مصلح الدین سعدی – بوستان 5.

The book was published in 1876 in Lucknow and issued by Ahmad Hassan-Hang (Lucknow, 1876).

It contains 476 pages.

There are the contents with numbering of pages and a table of contents.

Under the main text the small font provides explanations.

The composition is also accurate, as well as in all other books.

The main poem is specified into a frame, and comments are provided at the edges. The font in comparison with other works is bigger, the tables of contents are highlighted in bold type.

خواجہ معین الدین چشتی – دیوان حضرت خواجہ معین الدین چشتی 6.

The book was published in 1893 in Kanpur, it is not specified by whom it was issued too. It consists of 92 pages. The diligent appearance is noticeable: the font is given by the Central Asian nastaliq and followed by a separate table of contents. The name of each chapter is provided on the separate page with separately issued lines, flowers and patterns (Kanpur, 1893).

The contents are provided accurately that automatically facilitates the search of the reader. It means, the publishing house thought about the needs of the reader.

The name of the head is published in each separate big column, where there are the names of

poems from below in small columns with the numbering of pages.

The work is provided with comments. The poem is issued in the main column, and the comments are located at the edges of page, and the composition is very interesting.

Clearness in lines and registration is observed.

حکیم ابو لقاسم فردوسی – شاهنامه فردوسی 7.

1. The book was published in 1870 in Lucknow and rewritten by Dzhangi Purshad (Lucknow, 1870).

It consists of 621 pages. It is followed by very colorful execution of the book and each table of contents. The poem on each page is specified into a frame with patterns at the edges. The font is given by the Indian nastaliq.

All information, like the names of dynasties and names of shahs, their belongings to each of dynasties and how many they were, are provided in the beginning of the book.

The beautiful parenthesis with 12 pages, very long and big one is also added. It is given in certain counts with a table of contents in a bold print, the satirical panegyric to Mahmud of Ghazni, the current padishah to the end of writing Shahnameh, is published at the end of introduction.

The work is followed by drawings that show a presence of artists in Munshi Naval Kishore's team. The big miniature with the image of Mahmud of Ghazni and other his court poets including Firdausi in hands with Shahnameh are represented on one of the first pages. Drawings are provided either at the beginning of the head or at the beginning of volume. These drawings display the course of further events, occurring in the head or volume.

The table of contents of each chapter and volume is framed with a big font. Numbering of pages also is decorated in beautiful frames at the edges on the right of each page with the designation of the head and volume for simplifying the search for the reader.

The one page contains 6 columns while the original was issued in 4 columns. It is noticeable that the publishing house tried to reduce the book volume that it was easier to read and carry, that's why the epic is issued in the book, big by the size, but not in several ones as in the original.

The dictionary of Firdausi's terms from Pahlavi language is provided at the end of the book, where the names of shahs and padeshahs are also included alphabetically.

Conclusion

Munshi Naval Kishore played extra-ordinary role in broadening mental and intellectual outlook and understanding of common people of India and that is why he published books on different topics of literature, culture and civilization from different languages. He played vital role in protecting the intellectual and cultural heritage after 1857 through his press. So far no one has been able to equal, not to talk of surpassing, the epoch-making role he played in preserving and promoting Persian and Arabic, exegetic writings, jurisprudence and fatwas, dictionaries, books on Persian language and literature, translations from Sanskrit works

and scriptures into Urdu, stories and legends and promotion of Urdu journalism in the form of Awadh Newspaper through his press. Munshi Naval Kishore was a sincere, large hearted and broad minded person, who is so popular and beloved of all and sundry and who also could glorify many other poets thanks to his huge contribution to the development of not only India but also the whole world including Kazakhstan too. Thanks to Munshi Naval Kishore's publishing house our country was able to acquaintance with a row of literature works which played a big role in our spiritual education and further development.

References

- 1 "Rediscovering Munshi Newal Kishore". Mohamad Tavakoli-Targhi // Committee on South Asian Libraries and Documentation SALNAQ: South Asia Library Notes & Queries, Illinois university, 1993.
 - 2 قصه شاهزاده بهرام و ملکه گل اندام [Ghesse-ye shahzade-ye bahram va malk-e gol andom] – "The tales of Shahzada Bakhram and Gulandam" // Lucknow, 1902.
Бұл шылаулар өзінің алдындағы толық мағыналы сөздің атау, барыс, шығыс, көмектес септік жалғауларының бірінде келіп тұруын талап етеді. Яғни сол септік жалғаулардағы сөздермен тіркесіп қана айтылады. Сол сөздің мағынасына жаңа грамматикалық мағына үстейді. Сондықтан септеуліктер қай септіктегі сөзбен қолданылуына қарай атау септікті меңгеретін септеуліктер, шығыс септікті меңгеретін септеуліктер, барыс септікті меңгеретін септеуліктер, көмектес септікті меңгеретін септеуліктер болып төрт топқа бөлінеді.

Атау септікті меңгеретін септеуліктер (Yalın halindeki kelimelerden sonra kullanılan son çekim edatları)

Için (үшін) септеулігі негізінде атау септік формасындағы зат есімдермен, қимыл атауларымен, есімдіктермен, есімшелермен тіркесіп жұмсалады да, оларға көбінесе себеп, мақсат, арнау мағыналарын білдіреді. Мысалы: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ барды, ертегіні термек үшін» жолдарында екі рет қайталанып, қолданылған «үшін» сөзінің мағынасы басқа сөздерден өзгеше. Басқа сөздердің «мен, жазбаймын, өлеңді, ермек, жоқ барды, ертегіні, термек» әрқайсысының толық мағынасы бар, түсінікті, ал үшін сөзін жеке алып қарасақ ешқандай мағына бермейді. Тек ермек, термек сөзімен тіркесіп айтылу арқылы ол сөздерге мақсат, себепті аңғартатын грамматикалық мағына жасап тұр. Мысалдар: Vatan için ateşe girö yanmazsın (Отан үшін отқа түс, күймейсің).

Gibi (сияқты) септеулігі сөйлемде зат есіммен тіркесіп, қолданылады да негізінде ұқсату мағынасын білдіреді. Мысалы: Arslan gibi adamsın (Арыстан сияқты адамсың).

Барыс септікті меңгеретін септеуліктер (Yönelme halindeki kelimelerden sonra kullanılan son çekim edatları)

Шейін, дейін септеулігі зат есімге, есімдікке, сан есімге тіркесіп, негізінде мезгілдің я мекеннің белгілі бір аралық шегін, қатынасын білдіреді. Мысалы: Şehire kadar atla, ondan sonar arabayla gideceğiz (Қалаға дейін атпен, одан соң машинамен жүреміз).

Шығыс септікті меңгеретін септеуліктер (Çıkma halindeki kelimelerden sonra kullanılan son çekim edatlar)

Beri (бері) септеулігі негізінде мезгілдік шектің басталуына, кейде тұтас қамтылуына байланысты ұғымды білдіреді де, көбінесе мезгіл атауларына, есімдіктерге тіркесіп, уақыттың я мерзімнің басталу шегін білдіреді. Мысалы: Dünden beri kar yağıyor (Кешеден бері қар жауып тұр). İki saatten beri sızı bekliyor (Екі сағаттан бері сізді күтуде).

Önce (бұрын) септеулігі белгілі бір амалдың я оқиғаның немесе оқиғаның алдын ала болуын білдіру үшін қолданылады. Bizden önce burada bırısi oturmuş (Бізден бұрын мұнда біреу тұрған екен).

Sonra (соң, кейін) септеулігі зат есімге, мезгіл атауларына, есімдіктерге тіркесіп, белгілі бір фактінің соңынан болатын мекендік немесе мезгілдік ұғымды білдіру үшін қызмет етеді және соң, артынан сөздерімен мағыналас болып келеді. Мысалы: O adamdan sonra boz içeriye girdik (Ол адамнан кейін біз ішке кірдік).

Көмектес септікті меңгеретін септеуліктер (Vasita halindeki kelimelerden sonra kullanılan son çekim edatları)

İle (бірге, мен, пен), *birlikte* (қатар). Бұлар өзара мағыналас септеуліктер. Олар белгілі бір іс-әрекеттің басқа бір әрекетпен қабаттаса, жарыса жасалуын аңғартады. Мысалы: Автобуспен Ыстанбулға кеттім (*Otobüsle İstanbul'a gittim*).

Түрік тілінде тәуелдік жалғауынан кейін келетін төмендегідей септеулік шылаулар болады:

-im, -için, -in için;

-ımız, -için, -iniz için;

-im gibi, -in gibi;

-ımız gibi, -iniz gibi. Мысалы: Мұны машина үшін алдым. *Bunu arabam için aldım*.

Bağlama edatları (*Жалғаулық шылаулар*). Жәй сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің немесе құрмалас сөйлемге енген жәй сөйлемдердің арасын байланыстыру үшін қолданылатын шылаулардың түріне жалғаулық шылау (*Bağlama edatları*) дейді.

А. Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» атты еңбегінде жалғаулықтарға мынадай анықтама береді: «Жалғаулықтар дербес лексикалық мағыналары дерексізденген, бірақ өздеріне тән ерекше семантикалық мағыналары мен абстракт грамматикалық қызметтері бар шылау сөздер. Жалғаулықтар өзара тең бірыңғай сөздер мен сөзтіркестердің, сөйлемдердің араларындағы әрқилы қатынастарды білдіреді» (Ысқақов, 1991. – 64 б.).

Жалғаулықтар салалас құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жәй сөйлемдерді де өзара байланыстырады және олардың арасына қатынастарын білдірудің қызметін атқарады. Мысалы: Ол әлсіреп, көзін біраз жұмып жатты да, қайтадан көзін ашты. (*Ol baygın halde gözlerini biraz kapatty da tekrar gözlerini açtı*).

М. Серғалиев «жалғаулықтар бірыңғай мүшелердің немесе салалас құрмаластың сыңарларын әр түрлі мағыналық қатынаста байланыстырады» деп жалғаулықтарға түсініктеме бере отырып, төмендегідей жіктейді (Серғалиев, 1991. – 57 б.).

Ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулықтар;

Қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар;

Талғаулықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар;

Шарттық қатынасты білдіретін жалғаулықтар.

Kuvvetlendirme edatları (*Демеулік шылаулар*). Демеулік шылау деп өздері тіркесетін сөздерге әр қилы қосымша реңктер жамайтын сөздерді айтамыз. Өз алдына жеке тұрғанда толық лек-

сикалық мағынасы болмаса да, өзге сөздермен тіркесе айтылғанда, өзінің алдындағы сөздің лексикалық және грамматикалық мағынасын аз да болса дәлелдеп, тиянақтап тұратын шылаулардың бір түрі *демеулік шылаулар* (*kuvvetlendirme edatları*) деп аталады.

Демеулік шылауларды Ысқақов (Ысқақов, 1991. – 106 б.) «Қазақ тілі» атты еңбегінде жеті топқа бөліп қарастырған болса, С.М. Исаев демеулік шылауларды негізгі сөзге (сөйлемге) үстейтін мағынасына қарай, алты топқа бөліп қарастырған (С. Исаев, 2006. – 139 б.).

1. *Soru edatları* (сұраулық демеуліктер) -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе, -ша, -ше;

2. *Kuvvetlendirme edatları* (күшейткіш демеуліктер) -ақ, -ау, -өй, -әсіресе, -да, -де, -та, -те.

Күшейткіш демеуліктер төмендегідей іштей бөлінеді:

Шектік демеуліктер: -ғана, -қана, -тек, -кейде;

Болжамдық демеуліктер: -мыс (-міс), -кейде (-ау);

Болымсыздық немесе қарсы мәнді салыстыру демеуліктері: -түгіл, -тұрсын, -тұрмақ;

Нақтылау демеуліктері: -қой, -ғой, -ды, -ді, -ты, -ті.

Лексика грамматикалық жағынан демеулік шылаулар: сұраулық, шектік, шақтылық, күшейткіш, болжамдық, болымсыздық демеуліктер болып бөлінеді.

С. Исаев демеуліктерге мынадай анықтама береді: «Демеуліктер сөзге я сөйлемге күшейту, тежеу, шектеу, сұрау, божамдық, күмән сияқты қосымша мағына үстейді. Бірақ септеулік пен жалғаулықтар сияқты сөздерді де, сөйлемдерді де байланыстыра алмайды». (Исаев, 2006. – 37 б.).

И. Еюбоглы өз зерттеу еңбегінде соңынан келетін шылаулар, бұлар сөздердің, сөйлемдердің соңынан келіп, оларды алдыңғы немесе соңғы сөйлемдермен байланыстырып отыратын шылаулар демеулік шылаулар деп атап көрсеткен (И. Еюбоглы, 2002. – 45 б.).

Демеулік шылаулар -dahi, da, ise, ki, bile, degil яғни, -ғой, -қой, -қана, -ғана, -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе, -ша, -ше, -ақ, -ой, -ау, -ды, -ді. Мысалы: *Bu hayat daha kac yıl devam edecek*. (Бұл өмір тағы неше жыл жалғасады). *Son fikrimi de soyledim* (Соңғы пікірімді де айттым).

Қазақ тіліндегі демеулік шылаулар, яғни сұраулық, нақтылық, күшейткіш шылаулар түрік тілінде өз алдына жеке қарастырылады. Түрік тілінде демеулік шылаулар алдыңғы сөйлемнің мағынасын күшейтіп отырады. Күшейту мәнін беру үшін -da, -de, -dir, -dir (-қой, -ғой, -да, -де) демеулігі зат есіммен, сын есіммен, есімдік және

кейбір үстеу сөздермен тіркесіп, оларға әртүрлі күшейткіш мән үстейді.

Мысалы: Yarın değil bugün de gidebiliriz (Ертең емес, бүгін де барсақ болады)

-da, -de (-да, -де) күрделі етістіктің құрамындағы негізгі етістік пен көмекші етістік тіркестің аралығында жұмсалып, солар арқылы айтылатын іс-әрекеттің де тіпті тез, дереу болғанын білдіреді. Мысалы: Менің ендігі баратын жерім дайын деп, теңізге секірдім де кеттім. Bu kitap da kayboldu (Бұл кітап та жоғалды). Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан (Абай). Ne gelirse yakınlardan gelir, iyilik de, kötülük de ... Не келсе де жақындарыңнан келеді, жақсылық та жамандық та).

-da, -de демеулік шылау ретінде қолданғанда, тек бір ғана сөзге қатысты болады да, сол сөзді өзге сөздерден бөліп күшейту мәнін үстейді. Мысалы: Öğrencilerle birlikte Ahmet de geldi.

-да, -де (-da, -de) демеулік шылауы күшейткіш мәнді білдіріп, демеулік болса, енді бірде бірыңғай мүшелерді, сөйлемдерді ыңғайластыра байланыстырып, жалғаулық шылау болып, қызмет атқарады. Мысалы: Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан. Бұл сөйлемде «-де» шылауы демеулік, «сен» сөзіне күшейту мәнін үстеп тұрғанымен оны басқа сөзбен байланыстырып тұрған жоқ, ал «-та» шылауы жалғаулық болып, «тап» және «бар» деген бірыңғай баяндауыштарды ыңғайластық мәнде байланыстырып тұр. Sen de tugla dünya da eksigini bul dag it, inşa et.

-dir, -bir (-қой, -ғой) бұл демеуліктер жеке сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын, сөйлемде айтылатын ойды нақтыландыра, тұжырымдай түсу үшін қолданылады. Сонымен қатар –бар, -жоқ, -көп, -емес, -мол сияқты сөздермен де тіркесіп, оларға тұжырымдау мәнін үстейді. Мысалы: Şimdi kolhoz vardırövevinin bir tarafını verir. Қазір колхоз бар ғой, үйінің бір жағын берер).

-қой, -ғой демеулігі есімдерге, етістіктің ашық рай формасына, көсемшеге, есімшеге тіркесіп, олардың мағыналарына нақтылау, тұжырымдау, мақұлдау реңктерін жамайды.

Түрік тіліндегі шылаулардың бір түрі салыстыру мәніндегі шылау (karşılaştırma-denkleştirme edatları).

Салыстырылған немесе салыстырып отырып, байланыстырады.

А. Дилачар “Atatürk ve Yazım” атты еңбегінде салыстыру мәніндегі шылау (karşılaştırma denkleştirme edatları) деп бірге қарастырған болса (Дилачар, 1977. – 35 б.), профессор Ю. Гоксел еңбектерінің бірінде теңестіру мәнін-

дегі шылаулар (denkleştirme edatları), салыстыру мәніндегі шылау (karşılaştırma denkleştirme edatları) деп екіге бөліп қарастырады (Ю. Гоксел, 2012. – 87 б.)

М. Ергин теңестіру мәніндегі шылауларға (denkleştirme edatları) мынадай анықтама береді: «Бұл шылаулар бір-біріне тең болып, бір-бірінің орнында қолданыла алатын екі сөз немесе сөйлемнің арасын байланыстырып, бір-бірімен салыстырыла қарастырылады». Бұл шылаулар veya (немесе), yahut ve yahut. Мысалы: Elma veya armut (алма немесе алмұрт). Ayaklarımın altında bir gün daha kaydı yoksa ben bir yerlere mi gidiyorum? (Аяғымның астында бір күн тағы да жылжып кетті немесе мен бір жакқа барамын ба?) Yahut televizyonu açıp veya şarkı söyleyeceğim (телевизорды қосамын немесе өлең айтамын). Şimdi de doğmayan çocuğuna veya hayattaki herkese ağlıyor (қазір туылмаған баласына немесе өмірдегі барлық адамдарға жылайды). Asaba oğlum babası gibi veya benim gibi olur mu (Менің ұлым әкесі сияқты немесе мен сияқты болар ме екен?). Masmavi bir gök veya pırıl pırıl güneş (Көк аспан немесе жарқыраған күн).

Салыстыру мәніндегі шылау (Karşılaştırma edatları) – салыстырылған екі немесе одан да көп сөз немесе сөйлемдерді бір-бірімен төмендегідей байланыстырады:

Қазақ тілінде	Түрік тілінде
бірақ та	Amma
бірақ	Ama
қаласаң	ister
әрі...әрі	hem hem
не... не	ne ne
я...я	ya.... ya
керек болса	gerek ... gerekse

Мысалдар: ister yaz, ister yazma (қаласаң жаз, қаламасаң жазба). Ne anneme gidelim ne arkadaşlara (Не анама не достарыма барайық).

Сұраулықты шылау (soru edatları) деп жеке тұрғанда еш мағынасы жоқ, тек сөйлем ішінде мағына және қызметі белгілі болатын сөздерге шылау деп аталғанына қарағанда түрік тілінде сөз бен сөз таптарынан немесе сөйлемдерден бұрын келіп, сұрау ұғымын білдіретін сөздерді атайды.

А. Гоксел өз зерттеулерінде сұраулықты шылауға мынадай анықтама береді: «Сұрау

ұғымын білдіріп, сұрау үшін қолданылатын шылауларға сұраулықты шылаулар дейміз. Сұраулықты шылаулар өте аз. Оның негізгілеріне -hanı (-қане), -neue (-неге), -nasıl (-қалай), -neden (-неден), -hangı (-қайсысы)» сынды шылаулар жатады, – дейді (Гоксел, 2005. – 25 б.).

Қазақ тілінде сұраулық демеуліктер -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе демеуліктері мәтіндегі қолданылу тәртібіне қарай әр қилы грамматикалық формадағы әртүрлі сөздермен тіркесе береді.

-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе демеуліктері хат және сын есімдермен, үстеулермен, етістік райларымен және есімше, көсемше формаларымен тіркесіп қолданыла береді және тіркесетін негізгі сөздер жіктік жалғауларында, оларға тән басқа әртүрлі формаларда тұра береді.

-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе шылаулары сөйлемге сұрау мәнін үстеп, сұраулы сөйлем жасаудың бір жолы болып табылады да, өзі тіркескен сөзден бөлек жазылады.

-ба, -бе, -па, -пе деген болымсыз етістік жасайтын жұрнақпен ұқсас келеді. Бірақ шылау бөлек жазылады да, болымсыз етістік жұрнағы түбірге қосылып, бұйрықты мағынаны білдіріп, бірге жазылады.

-ше демеулігі әр қилы сөздермен тіркесіп, оларға сұраулық мән беріп отырады. Сонымен қатар үнемі көтеріңкі екпінмен ерекше бөлініп айтылады да, оның сұраулық мәні де әлдеқайда күшті болып келеді.

Мақаланы қорытындылай келе, түрік және қазақ тілдеріндегі шылауларды қарастыра келе екі тілдегі шылаулардың басты-басты ерекшеліктерін анықтадық.

Біріншіден түрік және қазақ тілдерінің бір-біріне ұқсастығы, тіпті бір-бірін қайталауы екі тілдің туыстас, тамыры бір екендігін айқын көрсетіп отыр. Әсіресе септеулік шылаулардың бір-біріне өте ұқсастығы байқалып отыр. Ашығырақ айқындайтын болсақ, бұл екі тілдегі септеулік шылаулар өзінің алдындағы толық мағыналы сөздің септік жалғауларының бірінде келуін талап етіп тұруын айтуға болады.

Атау септікті меңгеретін шылаулар (Yalın halinden gelen edatlar)

Барыс септікті меңгеретін шылаулар (Yonelme halinden gelen edatlar)

Шығыс септікті меңгеретін шылаулар (Cikma halinden gelen edatlar)

Көмектес септікті меңгеретін шылаулар (Vasita halinden gelen edatlar)

Шылауларға екі тілде де, яғни қазақ және түрік тілдерінде бірдей анықтама беріледі. Қай

тілде болмасын шылаулар – сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстырып тұратын, өздігінен дербес мүше бола алмайтын, бірақ өзге толық мағыналы сөздерге көмекші болып қызмет атқаратын сөздер болып табылады.

Шылаулар ішкі мазмұндары жағынан да, сондай-ақ, қызметтері жағынан да өздерінің бастапқы шыққан төркіндерінен де бір жола қол үзіп, әрі осы аталған үш белгі жөнінен де дербестіктерінен айырылып, өз алдына категория болып қалыптасқан көмекші сөздер.

Екіншіден, түрік және қазақ тілдері бір топқа, Орал, Алтай тобына жатады. Бұл тілдер жалғамалы (аглютинативті) болғандықтан, өте ұқсас болып келеді. Қазақ тілінде жалпы шылауларды септеулік, жалғаулық, демеулік деп үш топқа бөлсе, түрік тілінде Н. Хажыеминолу шылауларды он топқа, ал Э.Мухарем үш топқа бөліп қарастырады.

Түрік тіліндегі одағай шылаулар (unlem edatlari) қазақ тілінде өзінше бір сөз табы ретінде жеке қарастырылады. Сонымен бірге қазақ тілінде жауапты шылау (cevap edatlari), шақыру мәніндегі шылаулар (cagirma edatlari), көрсеткішті шылаулар (gosteris edatlari) және қайталау мәніндегі шылаулар (tekerrur edatlari) болып бөлінбейді.

Қазақ тіліндегі шылаулардың бірі демеулік шылау өзі іштей төрт топқа бөлініп қарастырылады:

Сұраулық демеуліктер;

Күшейткіш демеуліктер;

Нақтылау демеуліктер;

Болжамдық демеуліктер.

Ал түрік тілінде әрқайсысы жеке жеке шылау ретінде қарастырылады. Түрік тілінде cumle basi edatlari (сөйлемнің басында қолданылатын шылаулар) тәрізді шылаулар қазақ тілінде кездеспейді десе де болады. Мысалы: bak. bakalim сияқты. Осындай айырмашылықтардың бірі, яғни қазақ тілінде дефис (-) арқылы жазылатын шылаулар. Олар:

-ау, -ақ, -ай; -мыс, -міс; -ды, -ді, -ты, -ті.

Түрік тілінде дефис арқылы жазылатын шылаулар кездеспейді. Бірақ бұл тіл білімінде, тіл грамматикасында үлкен алшақтық байқалмайды.

Жалпы айтқанда, екі тілде де, қазақ және түрік тілдеріндегі шылаулардың шылаулар жеке тұрып, сөйлем мүшелері бола алмайтын мағынасы жоқ сөздер әрі олар жіктелмейді, септелмейді, көптік жалғауын алмайды.

Әдебиеттер

- 1 Ысқақов А.Ы. (1991) Қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1964. – 393 б.
- 2 Ergin Muharrem (2002). *Orhun Abideleri* (in Turkish). Boğaziçi Yayınları. – 239 s.
- 3 Исаев С. (1993). Қазақ тілі. – Алматы. – 67 б.
- 4 Hacıminoğlu N. (1992). *Türk dilindeki edatlar*. Istanbul. – 104 s.
- 5 Banguoglu, T. (2004). *Dil edatlari*. Isparta. – 54 s.
- 6 Ысқақов А.Ы. (2010) Қазіргі қазақ тілі [Қазақ тіл білімінің антологиясы] – Павлодар: С. Торайғыров атын. ПМУ, 2010. – 458 б.
- 7 Исаев С.М. (2006) Қазақ тілі. – 2-бас., өңд. – Алматы: Атамұра. – 208 б.
- 8 Zulfekar H. (2001) *Yayabcilar isin turkse dil bilgisi*. – Ankara, 2001. – 48 s.
- 9 Серғалиев, М., (1991) Қазіргі қазақ әдеби тілі (морфология және синтаксис). – Қарағанды, 1991. – 67 б.
- 10 Eyüboğlu İ.Z. (1991). *Türk Dilinin Etimoloji Sözlüğü* [Etymological Dictionary of the Turkish Language] (in Turkish). Sosyal Yayınları, İstanbul. ISBN 978975-7384-72-4.
- 11 Сауранбаев Б. (1967) Қазақ тілінің грамматикасы. Қазақ тілі. – Алматы, 1967. – 112 б.
- 12 Dilaçar, Agop (1977). “Atatürk ve Yazım”. *Türk Dili* (in Turkish). – 307 s.
- 13 Göknel, Yüksel (2012). “Turkish Grammar Updated Academic edition”. Retrieved 2013-01-16.
- 14 Goksel, Asli; Kerslake, Celia (2005). *Turkish: A Comprehensive Grammar*. Routledge. pp. 225

References

- 1 Yskakov A., (1991) *Kazakh tili*. – Almaty: Mektep, 1964. – 393 b.
- 2 Muharrem E., (2002). *Orhun Abideleri* (in Turkish). Boğaziçi Yayınları. – 239 s.
- 3 Ysayev S., (1993). *Kazakh tili*. Almaty. – 67 b.
- 4 Hacıminoğlu N, (1992). *Türk dilindeki edatlar*. – Istanbul. – 104 s.
- 5 Banguoglu, T., (2004). *Dil edatlari*. Isparta. – 54 s.
- 6 Yskakov A., (2010) *Kazkirgi Kazakh tili* [Kazakh til biliminin antologiyasy] – Pavlodar: PMU, 2010. – 458 b.
- 7 Ysayev S., (2006) *Kazakh tili*. – 2 бас., өңд. – Алматы : Атамұра. – 208 б.
- 8 Zulfekar, H., (2001) *Yayabcilar isin turkse dil bilgisi*. Ankara, 2001. – 48 s.
- 9 Sergaliyev M., (1991) *Contemporary Kazakh Literary Language* (Morphology and Syntax) Karaganda, 1991. – 67 p.
- 10 Eyüboğlu İ.Z.(1991). *Türk Dilinin Etimoloji Sözlüğü* [Etymological Dictionary of the Turkish Language] (in Turkish). Sosyal Yayınları, İstanbul. ISBN 978975-7384-72-4.
- 11 Sauranbayev, B., (1967) *Grammar of the Kazakh language*. Kazakh language. Almaty, 1967. – 112 p.
- 12 Dilaçar, Agop (1977). “Atatürk ve Yazım”. *Türk Dili* (in Turkish). – 307 s.
- 13 Göknel, Yüksel (2012). “Turkish Grammar Updated Academic edition”. Retrieved 2013-01-16.
- 14 Goksel, Asli; Kerslake, Celia (2005). *Turkish: A Comprehensive Grammar*. Routledge. p. 225

^{1*}Көптілеуова Д.Т., ²Жұмажанова Ф.Т.

¹филол.ғ.к., доцент, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

²филол. ғ. к., доцент, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., *e-mail: dina0028@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗ ЕГИПЕТ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛ БОСТАНДЫҒЫ ТАҚЫРЫБЫ

Мақалада Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі египет прозасындағы әйел бейнесінің даму ерекшеліктері қарастырылады. Осы кезеңде дәстүрлі өмір салтын түбегейлі бұзу мәселесі, қоғамның әлеуметтік қайта құрылуы, лайықты әдеби түсіндіруді қажет ететіні оның барлық ауырлығымен туындайды.

Түйін сөздер: Мысыр әдебиеті, модернизм, Әл-Хамиси, әйелдер әдебиетіндегі еркіндік тақырыбы.

^{1*}Koptileuova D., ²Zhumazhanova F.

¹Ph.D., associate professor, Department of Middle East and South Asia

Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty,

²Ph.D., Department of Middle East and South Asia Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, *e-mail: dina0028@mail.ru

The theme of womens freedom in the literature of independence Egypt

The theme of women's freedom in the literature of Egypt in the period after the conquest of independence. In the article features of the evolution of female images in prose works in the period after the conquest of independence are considered. And it is during this period that the problem of radical breaking of traditional forms of life, social reorganization of society, which require appropriate literary interpretation, arises with all its severity.

Key words: Egyptian literature, modernism, Al-Khamisi, theme of women's freedom in literature.

^{1*}Коптилеуова Д.Т., ²Жұмажанова Ф.Т.

¹к.филол.н., доцент, кафедра Ближнего Востока и Южной Азии,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²к.филол.н., доцент, кафедра Ближнего Востока и Южной Азии,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы *e-mail: dina0028@mail.ru

Тема свободы женщины в литературе Египта в период после завоевания независимости

В статье рассматриваются особенности эволюции женских образов в прозаических произведениях в период после завоевания независимости. И именно в этот период со всей остротой встает проблема коренной ломки традиционных форм жизни, социального переустройства общества, требующие соответствующего литературного осмысления.

Ключевые слова: египетская литература, модернизм, Аль-Хамиси, тема свободы женщин в литературе.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі египеттік шығармалардан әйел образының дами түскенін байқауға болады. Жаңа заманда, Шығыс

пен Батыс елдерінің арасындағы қатынас дамып, мәдени құндылықтар алмасуы орын алды. Тәуелсіздік алған тұстағы проблема – ежелгі

дәстүрлердің қалдығы мен қоғамдағы қайта құруға әдеби тұрғыдан мағына беру. Мұның барлығы қазіргі заманғы египеттік әңгімелер мен романдардағы кейіпкерлердің әлемге деген көзқарасынан байқалады. Мысалға, Абд ар-Рахман аш-Шарқауидің «Жер» романында ауылдан шыққан жас қыз саяси-қоғамдық және этика мәселесін көтереді. Әрине әлі де надандықтан арыла қоймаған кейіпкерлер баршылық: бұрынғы феодал қызуқанды Ризқ («Жер» романы) әрқашан өзі әйелін таяқтың астына алады. «Ал сен, Ризқ, он жеті фелданы бар, кооперативтің басшысынан бұрын, феллахсың!». Ол осы мінезі мен қылығын қай қоғамнан алған? Осыншама қаталдықты қалай ғана бойына сіңірді? (Кирпиченко, 1980:65).

«Египеттік модернизмнің» белгілі өкілдерінің бірі Абд ар-Рахман әл-Хамиси (1920-1987) де неке және махаббат мәселесін көтерген: «Мен барлық қиыншылықтың артынан жалғыз ғана қолды көремін. Ол барлық жүректерге жара салған, бір-біріне жат жандарды некемен байланыстыратын реакция қолы» (Ходжаева, 1975).

Абд ар-Рахман әл-Хамиси – белгілі египеттік новеллист, ақын, әдеби сыншы және қоғам қайраткері. Оның 10-нан астам әңгімелер жинағы бар. Ең танымалдары – «من اعماق» («Тереңдіктен», Каир, 1950), «لن نموت» («Біз өлмейміз», Бейрут, 1953), «رياح النيران» («Отты алау», Каир, 1954). «Наима қайғым менің» новелласы орыс тіліне аударылып, «امينة و قصص اخرى» («Амина және басқа да әңгімелер») жинағына енгізілген. Әл-Хамисидің әңгімелері «Араб жазушыларының әңгімелері», «Египеттік 19 әңгіме» (М., 1957), «Жер деген орын», «Қазіргі заманғы арабтық новелла», «Шығыстық новелла» (М., 1963) секілді жинақтар мен газет-журналдарда орыс тілінде жарық көрген. Автордың ата-анасы ол үшін өмірлік үлгі тұтар некеде болған, алайда олар да айырылысып кетеді. Бұл туралы оның өзі жазып қалдырған бақытсыз балалық шағы туралы естеліктерде айтылады. Ол өзінің анасымен (ұлты – жартылай француздық) тек бірнеше жыл өмір сүреді, оған тіпті көңіл бөле алмаған әкесі, өзге отбасының қамқорлығына береді. Осылай ата-ана махаббатынан айырылған оның және жүздеген басқа балалардың балалық шақтары өтеді: «Менің балалық шағым ана мен әке махаббатынан айырылған қараңғы әрі күңгірт сәттерге толы болатын» (Ходжаева, 1975). Өз шығармаларында әл-Хамиси әйел затын қызметші ретінде ғана көріп, оның бас бостандығын жоққа шығарған реакциялық салт-дәстүрге қарсы шығып,

әйелдердің өз тағдырын өзі шешуін, білім алуға құқылы болуын жақтайды. Әл-Хамиси шығармашылығы адамзатқа деген махаббатпен көркемделген.

«دماء لا تجف» («Бұл қан кеппейді») әңгімесінде әл-Хамиси ең жағымды кейіпкерлердің бірі шаруа әйел-ананың образын сомдайды. Алайда осы қарапайым ауыл әйелінің образынан нағыз патриотизм мен өз Отанына деген үлкен сүйіспеншілік байқалады. Ол – сауатсыз, күнделікті газет оқымайды, радио тыңдамайды, саясаттан алыс тұлға. Бірақ ол египеттік жерді таптап, халықтың нанын жеп, жерін тартып алған шапқыншыларды бар жан-тәнімен жек көреді. Оған ұлының әлжуаздығы мен шешімге келмейтіндігі өте ауыр, сондықтан ол ұлын ана жүрегімен күрес жолына жетелейді. Әңгімеде әйелдің сипаты тек оның египеттік ауылдық жерлерде ғана қолданыста бар дәстүрлі көйлек киіп, қара орамал тартқандығымен көрсетіледі, шаруа әйел бейнесі тіптен жоқ. Шығармада кейіпкердің іс-әрекеттеріне басымдылық берілген. Оқырманға ерекше әсер ететіні – надан болса да даналығымен түстеніп, өз өміріне Отанының тәуелсіздігі үшін қиюға даяр әйелдің бейнесі.

Әл-Хамиси – египеттік әйелдің бостандығы үшін күрескен тұлға. Бұл тақырыптағы новеллалардың ішінде жазушы әйел затының түңілуі секілді тақырыптарға ерекше мән береді. Әл-Хамисидің айтуынша, бұл құбылыс – кездейсоқ емес және жеке тұлғалардың аморальдығының нәтижесі де емес. Өмірден ойсырай ұтылып, жеңілген әйел – жұмыссыздық пен кедейшілік, әділетсіздік пен тағдыр тәлкегінен азап шеккен жандардың арасындағы заңды құбылыс. Мысалы «Қос келбет» әңгімесінің кейіпкері Маджиданы түнгі бордельдің бишісі болуға оның «тексіздігі» немесе «тумысынан бейімділігі» жетелемейді. Жападан жалғыз әрі сіңірі шыққан кедей бойжеткен Маджида жұмыс таппайды. Ақырында өмірден торығу мен мұқтаждық оны түнгі бордельдің бишісі болуға еріксіз мәжбүрлейді. Соған қарамастан, Маджида жан сұлулығы мен адал өмірге талпынып, ақырында өзі секілді кедейліктің дәмін татқан бозбалаға тұрмысқа шығады. Кейін күйеуі жұмысынан айырылған кезде, Маджиданы қинамас үшін, шын жүректен сүйсе де, айырылысып кетеді. Бұдан кейінгі кезеңде Маджида өз өміріндегі кемсітілген жағдайға налиды. Ол жан-тәнімен жұмыс орны мен оған келушілерді жек көреді.

Маджида образымен «Мен қалар едім...» әңгімесінің кейіпкері Уидад та тағдырлас.

Шығарманың басында кейіпкердің әкесі көз жанынан айырылады. Сөйтіп, отбасы аз уақыт ішінде кедейленеді. Өзінен кейінгі бауырларын оқытып, бүкіл отбасын қамтамасыз ету үшін үйдің үлкені Уидад түнгі кабареге жұмысқа орналасуға мәжбүр болады.

«Неджа...О, Неджа!» әңгімесінің кейіпкері қарапайым ауылдың бойжеткені Хусния «өзінің ойынша» сәтті тұрмыс құрады. Ол да барлығы секілді қуанышты әрі жайбырақат, бақытты өмір сүруді армандайды. Алайда ол өзін күткен ауыр тағдыр сынағынан беймәлім. Әл-Хамиси әңгімені кульминациялық шиеленіспен аяқтайды. Барлығынан бұрын бұл некеге күйеу жігіттің шешесі қуанады, себебі ол құпия жұмыс атқаратын түнгі бордельдің иесі. Ол өз келініне пайда көзі ретінде қарап, лас ақшаны табудың жолына итермелейді. Автор әңгімені осылай аяқтайды, ал оқырман қауым кейіпкердің алдағы өміріне алаңдайды.

Кедей қыз Набауиия да арбап-арбау мен адам саудасының құрбаны. Ол өзін асырап алған өгей ананың арбауына түсіп қалады. Кезінде Набауиия да Маджида секілді өзінің жеке өмірін, жеке жанұясын, адал жар, бала-шаға мен жеке отауын арман етеді, алайда оның сөз байласқан «жары» Набауиияны сүймейді, ол тіпті бойжеткен қыздардың саудасымен айналысатын топтың мүшесі болып шығады. Осылайша Набауиия да кедейліктен зардап шеккен көптеген бақытсыз қыздардың біріне айналады. «Жолы болмаған әйел» образындағы ең сәтті шыққан кейіпкер – Набауиия образы. Әл-Хамиси Набауиия портретін осылайша суреттейді: «Егерде сіздердің іштеріңізден кімде-кім арықша келген, қара торы, жүзінен нәзіктік сезілген көздері үлкен қызды көрсендер, сендер үшін ең қымбат затпен қарғыстаймын, оны маған көрсетіндер – ол Набауиия». Егер М. Горький, А.И. Куприн секілді әлем классиктерінің шығармашылығындағы осындай кереағар кәсіппен айналысқан кейіпкерлердің мінез-құлқына үңілсек, барлығына тән бір қасиетті байқауға болады: шынайы тазалық пен өмір шындығынан өте алыс, олар өткені мен бүгінгісі үшін де ертегідей өмірді құрап тастаған. Олар әлі де болса адал жарды кездестіріп, жанұялы болуға үмітті. Өздері керемет бір қиялдағы өмірге құштар. Набауиияның образынан да сол байқалады: бойжеткен отбасы мен үй туралы ойға батады: «Ол мені өзі де өзгелер секілді қарапайым қыз екендігіне сендіргісі келеді. Мен қарсы болмадым, себебі мен оның өзін осылайша өтірікпенен қорғауға тырысатындықтан білетінмін» (Ходжаева, 1975).

Набауиия – жер астында, лас пен қараңғылықта жарқыраған күнге талпынуды тоқтатпаған өмір гүлі.

«Адам еті» әңгімесінде египеттік «лас» ортаның мәселелері одан әрі шиеленіскен. Сания – әлі жас, алайда, өмірде жеңіліске ұшыраған көше гүлі. Ол өмірден түпкілікті шаршаған, дұрыс шешім шығаруға әлсіз әрі моральдық тұрғыдан дайын емес. Әңгімеде жазушы қоғамдағы мұндай ұят құбылысқа бейжай қараған жанды қатты сынайды. «Қоғамның ластығына көз жұма қарамаңдар, қайта барлығың да өзгелердің бірыңғай білім алып, бірыңғай тамақтанғанын, бірыңғай ар-намыстарының қорғалғандығын қамтамасыз ету үшін бірігіп, көздерінді ашыңдар» деп сынайды (Ходжаева, 1975: 45).

Әл-Хамиси – египеттік «тереңнен» адам баласына тән мінезді көрсете алады. «Ана, егер де мен болмасам» атты әңгімесінде әл-Хамиси кейбір өмірден жығылған жандардың қоғамның жоғары сатысында адамдардан гөрі жақсы өмірге лайық екендігі сөз етіледі. Әңгіменің бас кейіпкері – көше гүлі, жалғыз ғана мақсатпен өмір сүреді, ол – қызын лайықты тәрбиелеп, өзі дәмін татқан қарабет өмірден аулақ ету. Әңгіме сол әйелдің қызының тәубесі формасында жазылған. Шығармадан оқырманның көз алдына ана образы – дөрекі боянған, келбетімен қоса өзін-өзі ұстауы ерсілеу қартаң әйел елестейді. Алайда бұл әйелдің артында – мейірімге толы ана жүрегі жасырылған. Оның жалғыз жанашыры, мақтанышы, өзі армандаған пәк әрі өнегелі өмірдің шындыққа жанасуы – қызына ғана байланысты болғандықтан, ана жүрегі оған жамандық атаудың аулақ болуына барлық жағдайды туғызуға тырысады. Сонымен қатар тіпті өз өмірінен барынша аулақ ұстауға тырысады.

Йусуф Идрис (1927-1992) – қысқа әңгіме жанрындағы шығармалардың шебері. Египеттік әдебиеттанушы Шукри Аййад жазушы туралы: «Оның әңгімелері терең мән-мағынасы мен қайран қалдырады және олар ешқандай қиындықсыз жазылғанға ұқсайды. Сырт көзге жазушы тамаша баяндаушылар жанұясында дүниеге келіп, олардың шеберлігін, сөйлеуді үйреніп жүрген уақытта меңгерген секілді. Ол 1927 жылы аш-Шарқийа провинциясындағы әл-Бейрум ауылында дүниеге келген. Ал 1951 жылы Каир университетінің медицина факультетін бітіріп, Каирдегі ең көне әл-Қаср әл-Айни ауруханасында дәрігерлік қызмет атқарған. Кейін каирлік муниципалитетте денсаулық сақтау инспекто-

ры болған. 1959 жылы ол «Әл-Джумхурия» газетіне журналистік қызметке ауысады. Ал 1970 жылдан бастап «әл-Ахрам» газетінде қызмет істейді. Идрис әңгімелерін студенттік кезден бастап жазған. Оның «Ең арзан түндер» деген атпен жарық көрген бірінші жинағы 1954 жылы жазылды. Идрисінің шығармалары қатарында 9 әңгімелер жинағы, «Ақшыл жүзді» деген романы және 7 пьеса, соңғысы «Күлегеш» 1983 жылы жарық көрген, сонымен қатар бірнеше повестері бар. «Кешкі марш» әңгімесі «Солай емес пе?» (1957) жинағынан «Автобуста» және «Көктегі Манна» шығармалары «Ар-ұят сұрағы» жинағынан, «Қасірет тілі» – дәл сол атаудағы жинақтан, «Жүк тасушы» әңгімесі «Ұрпақтар үйі» (1971) жинағынан алынып, басаяғы 30-ға жуық әңгімесі мен әйгілі «Күнә» атты повесі орыс тіліне аударылған. Автор адамдар өмірін суреттеу үшін, қарапайым жағдайларды мысалға алады: басына бір тәрелке бәліш ұстай, кішкене қыз жолдан өтпекші («Көзқарас»). Мұндай көріністерді Каирдың әрбір бұрышынан көруге болады. Бірақ оның ауладағы доп қуалай ойнаған балаларға қараған көз жанарынан, оның балалық шағының лайықты өтпей, бала болу құқығынан айырылғанын байқауға болады. Қарапайым заттарға деген көзқарас, тіпті доп ойнына, кішкене қыздың әлеуметтік психологиясын, қоршаған ортаға, өмірге бағыныштылығын көрсетеді. «Махаббат хикаясы» – жұмысшы ортадан шыққан жандар туралы шығарма. Хамза мен Фаузия – Идрис шығармасында қалай өмір сүру керектігін білетін жалғыз ғана кейіпкерлері. Мұндай жандар Египетте сирек кездеседі. Фаузия – танымал араб тілі мұғалімінің қызы, өзі де ұстаз. Фаузияның әкесі «қызын жұмыс істетеді екен» деген туыстарының қатал сынынан қорықпайды. Бұл – египеттік жастардың ең жақсы қасиеттерін көрсететін реалистік шығарма. Бірақ Фаузияға берілген бостандық – египеттік қоғамда сирек кездесетін жайт. Повесть бастан-аяқ махаббат сезіміне, Хамза мен Фаузияның Отанға, білім-ғылымға, адам баласына деген махаббат тақырыбына арналған.

«Күнә» повесінде Й. Идрис «күнәнің» моральдық мәнін зерттейді. Дәстүрлі түсініктерге сәйкес, ғасырлар бойы египеттік қоғамның рухани өмірінің бір бөлігі ретінде өзгеріссіз қалған «харам» және «халал» заттардың бөлінуі ең үлкен қателік емес пе? – осы сұраққа тоқталады. Повестің сюжеттік негізі – жалдамалы жұмысшылар тобынан шыққан Азизаның өзінің шақалағын өлімге қиып, күнәға батуы және соған байланысты сот шешімі. Азизаның

бар өмірі науқас күйеуі мен үш баласын бағып-қағып, оларға азық іздеумен өтеді. Бірақ қатал өмір Азизаны әйелдік нәзіктіктен айыра алмады. Мүмкін сол себепті де күйеуіне бір үзім нан іздеп жан ұшырған сәтте кездескен дөрекі жас жігіт Мұхаммад Амарейнге қарсылық танытпаған болса керек. Кейін Азиза өзін күнәһар санайды, оны ар-ұят қысады, ал жүктілігі мен қайғысын құдайдың қаһары ретінде қабылдайды. Бірақ Азизаның бойындағы ең өткір сезім – маскара боламын деген мәңгілік қорқыныш. Себебі барлығы да оның дімкәс күйеуі «кіші қызы Зубейда туылғаннан кейін, бірде-бір рет жақындаспағанын» білетін. Міне, дәл осы қорқыныш сезімі Азизаны өз сәбиін өлтіруге итермелейді. Жалпы, Азизаның трагедиялық тағдырына қарамастан, повесть қараңғылық әсерін қалдырмайды. Алайда, Азизаның науқасы және оның жан түршігерлік өлімі ауыл тұрғындарының аяныш сезімін тудырады. Шығарма барысында, ауыл тұрғындары науқас Азизаға бірігіп қамқорлық жасайды, ал олардың Азизаны басқарушының көзінен аулаққа тығу әрекеті өзіндік адами қасиеттер мен ниеттестіктерін көрсетеді. Повестен біз шаруа әйел өмірінің жан түршігерлік ахуалын көреміз.

«Ұрпақтар үйі» (1971) әңгімесі символикалық тұрғыда жазылған. Неке жүзігі үнсіз келісім бойынша ананың қолынан оның үш үлкен қызының қолдарына өтіп отырады. Ал олар аналарымен оның жас күйеуі соқыр шейхты «бөліседі». Жүзік – бұл тұста, арсыз істің барлық қатысушыларын біріктіретін символ кепілдігі. Шейх өзін, осылайша, ақтап алады: «Тек көру қабілеті ғана күдікті секемділікке әкеледі, ал ол көру қабілетіннен айырылғандықтан, ешқашан сенімді бола алмайды. Ол – зағип. Зағипта күнә жоқ». Бірақ әңгіме «Мүмкін зағипта да күнә бар шығар?» деген сұрақпен аяқталады.

«Автобуста» новелласында Йусуф Идрис қанағатсыздықты әшкерелейді. Мұнда тіпті бір-бірінен сырт кейпі бойынша да әр түрлі, екі топ бар: жастар – бозбала мен бойжеткен, екеуі де таза әрі жасқаншақ, ал екінші топ – аяқтарына нық тұрған қою түсті костюм киіп, галстук таққан салиқалы азаматтар. Олар мойындарын созып, лас күлкімен бір бұрыштан ғана ызалана, ашына кінәсіз таныстықты бақылайды. Оларды бойжеткендер мүлде қызықтырмайды: «ол... өз қыздарынан да жас, оны көңілде қыла алмайсың» (Идрис, 1957) Осылайша египеттік әдебиетте Йусуф Идрис өз пікірін қалдырды. Оның шығармашылығы XX ғасырдың II жартысындағы египеттік қоғамдағы ең өзекті,

ең көкейкесті мәселелер мен египеттік әйел бейнесін қамтиды.

Нагиб Махфуз (1911-2006) – Нобель сыйлығы ұсынылған египеттік романист. Оның маңызды қасиеті – өткірлік сезімі (Ақбарова, 2001: 26). Нагиб Махфуз 1911 жылы Каирде шенеунік отбасында дүниеге келіп, Каир университетінде философия мен әдебиет саласынан білім алып, 1934 жылы оны тәмамдаған. 1972 жылға дейін алдымен министрлікте, кейін өнерге байланысты цензура Бюросының, кино өнеріне қолдау фондының директоры, ақырында – Мәдениет Министрлігінің мәдени мәселелер жөніндегі кеңесші ретінде мемлекеттік қызметтер атқарған. Египеттік көзқарас бойынша Нагиб Махфуз либералдық бағыт алған автор, сондықтан да оның кітаптары көптің көңілінен шыға қоймайды. 1994 жылы жазушыны қасақана суық қарумен шабуылдап, оны ауыр жарақаттайды. Осы оқиғадан соң, Махфуздың денсаулығы күрт нашарлайды, бірақ ол соған қарамастан жазуын жалғастырды. 2006 жылы шілдеде Махфуз ауруханаға түсіп, дүниеден кеткен күніне дейін ауруханадан сыртқа аттап баспайды. Махфуз 2006 жылдың 29 тамызында көз жұмады. Оның шығармаларында дәстүрлі ұлттық байлық байыпты түрде суреттелген. Өзінің алғашқы шығармаларын «әл-Маджалла әл-джадида» журналында бастырады. Ал новеллаларының бірінші жинағын («Есуастықтың лебі») 1938 жылы басып шығарды. Оның артынан романтикалық және перғауындар билік еткен кезеңге арналған тарихи романдар көбейді. 1950 жылдардың соңында «Каир трилогиясы» («بين القصرين», «قصر الشوق», «السكرية») басып шығарылғаннан кейін Махфуз прозасы еуропалық деңгейде мойындалды. Каирлық үш ұрпақтың өмірін суреттей отырып, автор Египет тарихындағы қоғамдық және саяси оқиғаларды көрсетеді. 1960 жылдары Махфуз шығармашылығында өзгерістер пайда болады. Ол кішігірім әңгімелерге көңіл бөліп, символикаға мол орын береді. Қоғамның эволюциялық жолмен дамуының әсерінен пайда болған, өзін жалғыз әрі тастанды сезінетін адамның азабы мен уайымы мына шығармаларда көрініс табады: «Ұры мен ит» (1961), «Алладан түскен жарық» (1963), «Бөдене және күз» (1964), «Жол» (1964), «Мүсәпір» (1965), «Ніл бойындағы әңгіме» (1966), «Қара мысық тавернасы» (1968), «Бал айы» (1971). Жалпы алғанда, Махфуз 50 шақты роман мен повесть, 100-ге тарта әңгіме жазған. Жазушының соңғы кітабы 2005 жылы жарық көрді: ол өлімнен кейінгі өмір туралы «Жетінші аспан» атты әңгімесінің жинағы

еді. Ол 1988 жылы «бүкіл адамзат үшін маңызға ие, реализм мен араб әңгімесінің күрделілігі» үшін әдебиет саласында Нобель сыйлығын жеңіп алды.

Н. Махфуздың Египеттің заманауи өміріне бет бұрған, шынайы өмірлік жағдайлар бүгешүгесіне дейін қамтылған «Жаңа Каир» (1945) атты шығармасындағы сегіз романдан тұтас «Каирлық цикл» ашылады. Бұл циклдің кейіпкерлерінің шынайылығы, суреттелуі өте жоғары дәрежеде болса керек, оқырман қауым оларды шынайы өмірдегі тұлғалар ретінде қабылдайды. Мысалы, Гамалийеда назар аударарлық жер ретінде әл-Мидакқ атты тар көшені алады. Осы көшедегі наубайхана, кофехана және романның жас кейіпкері Хамиданың үйі орналасқан «әл-Мидакқ тар көшесінде» романның сюжеті іске асады. Махфуздың кейіпкері, соның ішінде Хамида да күдіктеніп, өмірден баз кешіп, берілуі мүмкін, алайда соған қарамастан бақыт пен әділдікке бұрынғысынша ұмтыла береді (Махфуз, 1990). Романның сюжеті ІІ дүниежүзілік соғыс жылдарымен тұстас келеді. Соғыс жетім қыз Халида мен кедей шаштараз бозбала Аббас Хилуа арасындағы трагедиялық махаббаттың себепшісі болады. Аббас Хамидаға үйленуді армандайды, алайда оның жалақысы Хамида түгілі өзіне де жетпейді. Ол ақша табу үшін ағылшын лагеріне кетеді, ал Хамидаға оның оралуын күтуге тура келеді. Аббастың елде болмаған кезінде, Хамида ағылшындық және америкалық әскерилерін тірі тауармен қамтамасыз ететін делдалдың тұзағына ілінеді. Ал, Аббас Каирге оралған кезінде Хамиданы араққа сылқия тойған ағылшын жауынгерлері ортасынан кездестіреді. Кездесу трагедиялық тұрғыда орын алады: жауынгерлер Аббасты өлгенше сабайды. Осы тұста, біз қайтадан жетімдігі, кедейлігі үшін кінәсіз, тіптен қорғансыз қыздың бейнесін көреміз. Ол тағы да сыртқы әлемге тәуелді, өмірі шартталған күйінде қалған. Мидакқ тар көшесі – бұл соғыс жылдарында египет қоғамы тап болған тығырықтың көрінісі.

«Бейн әл-Қасрейн» (1956-1957) романының сюжеті І және ІІ дүниежүзілік соғыс жылдарына сәйкес келеді. Бұл – сол кездегі египеттік отбасының хроникасы (Махфуз, 1990: 10). Абд әл-Джауад – отағасы, Амина болса, таңның атысы кештің батысы еңбектенген, күйеуіне толықтай берілген «тірі жан». Оны көршілері «еңбекқор ара» деп бекер атамаса керек. 25 жылдық зайыптық өмірде Амина тек бірнеше рет қана көшеге шыққан, соның өзінде күйеуімен бірге ата-анасына барып қайтқан. Бірақ бірде ол

батылдық танытып, көшеге жалғыз өзі шығады. Нәтижесінде жанжал туады. Егер де оған балалар мен туыстары араша түспесе, Джауад Аминамен айырылысып кетер еді. Міне, Абд әл-Джауад осындай салт-дәстүрлерді қатаң ұстанатын нағыз мұсылман. Бірақ бұл – тек сырт көзге ғана алдамшы келбет. Отағасының достары оның жайын жақсы біледі: оның бірнеше көңілдесі бар, ал кешкі уақытын мейрамханалар мен ойын-сауық үйлерінде өткізеді. Джауадтың тұңғыш ұлы Йасин әкесінің ізін қуған, тіпті одан озық әрекет етеді. Ол әйелін үйден қуып шығып, орнына жеңіл жүрісті қызды ертіп келеді. Бірақ романда барлығынан ерекше, Аминаның образымен тұстас басқа да әйел образы бар. Ол – Йасиннің ұлы Ахмед сүйіп қалған журнал редакциясының секретары – Сусан Хамад. Сусан образы – араб әдебиетіндегі тәуелсіз өмір сүретін бірен-саран әйел образдарының бірі. Орта мектепті бітірген соң, оқуды ары қарай жалғастыру мүмкіндігі жоқ Сусан өздігінен білім алып, әлемдік әдебиетті сүйсіне оқиды, классик жазушылардың шығармашылығына қызығады. Ол – прогрессивтік жастар ұйымында танымалдылыққа ие. Бұл тұста, автордың мақсаты Сусанды жаңа, тәуелсіз және демократиялық Египеттің символы ретінде көрсету болатын. Ахмед пен Сусан бір-біріне ғашық еді. Алайда Ахмедтің туыстары оның қарапайым жұмысшының қызымен некелесуіне қарсы шығады. Бірақ Ахмед қалай да Сусанге үйленіп, өз ортасымен қатынасты үзеді. Романда сентименталды көңіл-күй элементтері жоқ, керісінше, онда юморға толы элементтер көрініс тапқан әдеби тілде жазылған. Бұл оптимистік бағыт сол кезеңдегі Египет пен аз да болса ілгерілей бастаған қоғамдағы әйел орнына тікелей байланысты. Француз жазушысы Жак Жомье «Бейн әл-Қасрейн» трилогиясы туралы: «Бұл египеттіктер романдардың ішінде мен оқыған ең үздігі», – дейді.

«Ұйқы» әңгімесінде кафеде терең ұйқыға кетіп, тіпті көмекке шақырған айқайға да оянбаған бозбала бейнеленген. Оны көмекке шақырған өзінің сүйіктісі еді. Бойжеткен көше бойы өзіне ұсыныс жасаған жігіттен қашқан. Алайда жәбірлеуші жігіт оған келіспегендігі үшін пышақ сұғып, көшенің қақ ортасында өлтіреді. Осы сәтте терең ұйқыдағы бозбала да жан қиналысын бастан кешіреді. Автор әңгімені осы бозбаланың сөзімен аяқтайды: «Маған ұйқыға батып, көп-көп уақыт ұйықтау керек. Ұйқы – мәңгілікке» (Thornton, 2004). Ұйқы – ол автор қатал сынға алған көптеген адамдардың

жай-күйі. Өзіңнің өмірлік құндылықтарыңды ұмытып, өмірдегі барлық маңызды нәрселерден «ұйықтап қалуға» болады, соның ішінде символы әйелдер болып табылатын махаббат сезімі де бар.

Суналла Ибрагим, туралы сөз қылсақ, оның негізгі мамандығы – журналист. «Затун» романының авторы. «Затун» романының жаңалығы – алғаш рет баяндаушы мен негізгі кейіпкер бір-біріне кереғар. Онымен қоймай романның басты кейіпкері – ең қарапайым қатардағы египеттік әйел, үш баланың анасы, адал зайып. Оны журналистикамен байланыстыратыны – бір газеттің архивінде қызмет етуі. Алайда оның «тұлға», «болмыс», «өздік» мағыналарын білдіретін ерекше есімі оны қарапайым жеке тұлға емес, бүкіл елдің ұлттық қасиеттері жинақталған «Египет тұлғасы» деген атаққа лайықты етеді. Анонимді баяндаушы білімпаз автордың қызметін атқарып, кейіпкердің өмірінің барлық қырын, уайымын, үмітін, тіпті жыныстық өмірін оқырманға әділ баяндайды. Затунның күйеуі, балалары, жұмыстастары, көршілері, өзінің таныстарына Александрия провинциясына барып қайтуы, Еуропадан келген туысқанын күтіп алуы – барлығы да XX ғасырдың соңындағы Египеттік пейілдің бірден-бір көрінісі.

Роман кейіпкері мен күйеуі үйге қызметші ұстауға, ұлдарын ағылшындық мектепке оқытуға қауқарлы египеттік қоғам табынан шыққан. Бірақ Затун мен Абд әл-Маджид өздерінің кейбір таныстары мен туыстары секілді жарнамаланған сәнді жиһаз, тұсқағаз және сантехника ауыстыруға жағдайлары келмейді. Алысқа бармай-ақ, Абд әл-Маджид Затунның алдында қаншама мақтанғанымен ойға алған «кәсіпкерлік» жобаның бір де бірін іске асыра алмайды, тіпті «20 фунтты 5000 айналдыра алмайды». Ол тіпті өзі қызмет атқаратын банктен қысқа мерзімді іссапарға да бара алмаған. Көптеген таныстары бірнеше реттен ұсынған қулықты іске асыруға мезгілсіз адалдық кедергі келтіреді. Әрқашан алдынан шығатын сәтсіздік пен қырсықтан Абд әл-Маджид күннен күнге тақуалыққа бет алып, әйелін хиджаб киюге еріксіз мәжбүрлейді.

Ибалы Затун да заман ағымына ілесіп, жарнамаланғандай стандарт бойынша өмір сүріп, жаңа үлгідегі тұрмыстық техника, керамикалық плитка, «фюме» түсті әйнектерді сатып алғысы келеді. Бірақ тәлім-тәрбие, тәртіп, өз кезегінде мейірбандылық та бұл тілектердің күлін көкке ұшырады. Мүмкін мұның себебі мейірімді әрі көңілшек Затунның революционер

Гамаль Абд ан-Насердың қызы болғандығына байланысты шығар. Себебі әкесі оны барлық адамдар «дініне, ұлты мен ұлысына, әлеуметтік жағдайына, шеніне қарамастан, өзара тең» деп тәрбиелеген.

Бірақ Суналла Ибрагимнің Насер режиміне өзінің ерекше есебі болған секілді. Айтылып отырған кезеңді бағалауда, рухтың деградациясы ерекше сынға алынады. Бірақ басты кейіпкер қарапайым күнделікті дүкенде алданатынына, мемлекеттік мекемелерде өзінің «тұтынушылық құқығын қорғау кезінде» (БАҚ «азаматтық парызы» деп санайтын заттардың бірі) кемсітуге ұшырауына қарамастан адам баласына, адами қасиеттерге үмітпен қарайды. Өзі қызмет атқаратын архивте «әділдік» тұрғысынан шешімі, сөз бастағанда, өзінің жаңа өмірге, БАҚ жарнамалаған өмірге бет бұрған қызметтестерінен кемсіту естігеніне қарамастан Затун адамзатқа шын жүрегімен сенеді.

Затун қамқорына алатын алғашқы зат – балалардың денсаулығы. Ол отбасын табиғи әрі пайдалы өніммен тамақтандыруға тырысады. Кейіпкердің дұрыс тамақтануға бағытталған күресі, өнімдерді таңдау және сатып алу, оны дайындау, ұқыпты жасалған кулинарлық рецепттердің барлығы да келешек үшін күресті айқындайды. Импортталған ет пен тауық етінен көңілі қалған Затун енді тек жергілікті египеттік өнімді ғана тұтынуға шешім қабылдайды. Бірде туған күнге әкелінген импортталған ақ шоколадтан жасалған торт Затунның лоқсу сезімін тудырады. Келесі күні ол көрші дүңгіршіктен майшабақ сатып алады. Алайда үйге әкелінген майшабақ шіріген, заттаңба желімденген белгі болып шығады. Ас бөлмедегі қолына «жергілікті» майшабақ ұстап, жылап отырған әйел бейнесі – символдық көпмағыналылықтың бір көрінісі.

Суналла Ибрагимнің «Мына иіс барлық жерде» деп аталатын алғашқы романының кіріспесіне ірі египеттік прозаик Й. Идрис шығарманы бағалауда өзінің басты кейіпкердің сыртқы ортаға көзқарасын суреттеуге нақты сөз таппағандығын айтты: «Бұл шеттену немесе жек көру, жоғалту сезімі, көтеріліс немесе ниеттестіктің жоғалуы емес» (Ибрагим, 1964).

С. Ибрагимнің соңғы романында да баяндаушының өз еліне деген қарым-қатынас күрделілігін байқаймыз. Себебі роман барлық элементтерді – ата-анаға деген махаббаттан жек көрушілікке дейінгі сезімдерді қамтиды. Басты кейіпкер төккен көз жасы – ол кездескен сәтсіздіктер мен әлсіздіктің жасы, алай-

да оның бастауы – өміршен, сүйіспеншілікке толы жан. Оның ішкі жан дүниесі жоғары идеалдарды жоққа шығарады, тек тұтынушылық құндылықтар мен өмір белесіндегі сәттіліктер ғана жеңіске жетеді.

Тақырыптық тұрғыдан Египеттегі 1950 жылдардың соңы мен 1970 жылдардың басындағы тұрмыстық дәстүрге баса назар аударған прозалық шығармаларды ерекшелеуге болады. Әсіресе әйелдің қоғамдағы роліне көп көңіл бөлінеді. Әйел тақырыбы – египеттік Рашад Рушдидің әңгімелерінің негізгі тақырыбы («Әйелдік жарты»). Рашад Рушди диалог пен портреттік образдарды тұрмыстық көрініс арқылы сомдайды. Оның әңгімелеріне арабтық әдебиеттің өкілдерінде кездесетін күрделі символика тән (Thornton, 2004). «Әйелдік жарты» әңгімесінің сюжеті трамвайда орын алады, анықтап айтсақ, әйелдер жартысында, себебі сол уақытта транспортта әйелдер мен ерлерді бөлу орын алды.

Әйелдер аз уақыт ішінде бір-бірімен әңгімелесе бастайды. Ал олардың пікірлерін мұқият тыңдап отырып, әйел психологиясын, проблемаларынан хабарлы болуға болады. Мысалға, олардың бірі хиджабтағы әйел: «Үй? Әйелдер, қымбаттыларым менің. Алланың атымен ант етейін, еркексіз үй үй емес, құр төрт қабырға, бір сөзбен айтқанда, мазар іспеттес. Алла Тағала менің сөзімді естігендерді қарғамасын және күйеулерінен айыра көрмесін» (Рушди, 1982). Екінші бір әйел оған қарсы шығады: «Сонда, немене, біз оларды сыйламаймыз ба, әлде оларға қызмет етпейміз бе? Баланы дүниеге әкеліп, отын тұтатып, ошақ қасында отыратын біз емес пе?». Бірақ хиджабтағы әйел бір нәрсені еске алғандай ұзақ ойланып барып «Кешкі уақытта балконда бірге отырып, сен өзіңнің жүрегіңдегі сырды, ол өзіндегі сырды айтады, керемет қой...» дейді. Кейін барлығы анықталады: «Ол осыдан 7 ай бұрын Рамазан айында ажырасу туралы құжаттың қолына тигенін» есіне алады. Әңгіме осылайша аяқталады: «Кондуктор сигнал береді, сөйтіп вагон қозғалады...». Ол өзі ғана әйелдерге арналған жартыда қалады». Ол қолдау мен қолдаушыға зәру, бірақ күйеуінің өзін өзгеге айырбастағанына көндігуі тиіс. Автор ешбір сентименталды көркемдеусіз, шынайылықпен бір ғана египеттік азаматшаның басындағы жағдаймен мыңдаған тағдырлас әйелдердің де өмірін көрсете білді.

Мұхаммад Сидқи «Амина» атты шығармасында қарапайым отбасын бейнелейді. Отағасы – қатардағы жұмысшы, кәсіподақ қозға-

лысының белсенді мүшесі. Оның өзінің жолдастарының құқығы үшін жиі күреске шығуы жұмысынан айырылуға әкеліп соқтырады. Енді барлығы аяқталды ма дей бергенде, күйеуі түрмеге түсіп, Амина өзі күні-түні маңдай терімен тапқан ақшаға сатып алған сүйікті тамағын күйеуіне апарады.

XX ғасырдағы египеттік прозада талай әйел образы Египетті айқындайды. Тауфик әл-Хақимнің «Рухтың қайта оралуы» шығармасында сүйкімді әрі жас Санийа, Йахья Хақидің «Умм Хашим шырағы» кедей әрі науқас Фатима ан-Набауийа, Нагиб Махфуздың «Мирамар» шығармасындағы рухты, өз мақсатына ұмтылған Зухра сұлу, Йсуф Идристің «Жердегі комедия» пьесасындағы әлсіз, бақытсыз Қинана бейнелері – египеттік прозаиктер жасаған әйел образдарының барлығына тән бір қасиет бар – туған елге деген шексіз махаббат. Ұлттық сананың қалыптасуы барысындағы дәстүрлер Суналла Ибрагим шығармашылығында молынан кездеседі (Сборник, 265-278).

«Овчарка» атты эссесінде Сабри Муса екі әлем бар екендігіне – ерлер және әйелдердікіне бөлінетіндігіне оқырманды алдын ала дайындайды. Автор еуропалық әдеби мысалға жүгіне отырып, үйсіз иттің образын тандап алған. Оқшаулануды басынан өткеріп, ол шөл даладан, өзі армандаған, қарым-қатынас орнатуға тырысатын теңіз жағасына келді. Бірақ еркектің дөрекі әрі ашулы әрекеттерінен соң, оқшаулық пен жалғыздыққа, шөлге қайта оралуға мәжбүр (Рыжих, 2002:7). Бұл әңгімені ер адам жазса да, әйелдік ойлау жүйесімен жазған.

Ханна аш-Шейхтың «Ыстық орын» эссесінде көптеген арабтық «мұнайлы» елдерге тән жыныс бойынша бөлу көрсетілген, әңгімеде туыскандардың ара түсуінсіз әйел мен еркек арасындағы қарым-қатынасына тыйым үшін құрбан болып жатырғандар көп. Бұл тек тұрмыста ғана емес, сонымен қатар ішкі жандүниеге ішкі әсерін тигізіп, арман-мақсаттарды жоюда.

